

ПИОНЕР



ФЕВРАЛЬ

1947 ЖЫЛ

РЕСПУБЛИКАЛЫК ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫ

2



ПИОНЕР

Қазақстан ЛКЖО Орталық
Комитетінің айына бір рет
шығатын балалар журналы

№ 2

ФЕВРАЛЬ 1947 ЖЫЛ

Шығуына 5 жыл

БІЗДІҢ БАТЫР АРМИЯ

Ә. СҮЛЕЙМЕНОВ



Біздің батыр армия
Отан үшін жан қыя,
Жердің жүзін таң қыла,
Күшті жаумен айқасып,

Өтіп бөгде өзеннен,
Өтіп Эльба, Одерден,
Бөтен жерден, өзге елден
Қайтты ұзақ жол басып.

Сапарда ұзақ сабылып,
Беті аязға қарылып,
Түнде бұта жамылып,
Жамбасына сыз батып,

Түнді өткізіп ұйқысыз,
Күнді өткізіп күлкісіз,
Әділ деп біздің ісіміз,
Қамал бұзды қыйратып.

Ерлер мініп ерлікке,
Жауды қоймай ерікке,
Қірді Кенигсбергке,
Алды барып Берлинді

Сығырайып шығыстан,
Күндеп, көні кұрысқан,
Алуға шауып тырысқан,
Жапон жайрап ол тынды.

Отанының даңқы үшін,
Еркін совет халқы үшін
Аямаған бар күшін

Келеді эне нық басып,
Жеңіс жырын шырқасып,
Қызыл туы нұр шашып,
Бойында өшпес қайрат бар.

Алаңнан өткен біріндеп
Қарайды сапқа күлімдеп,
Ер балам, өз ұлым, деп,
Бүкіл елі мақтанып.


Таңдандырған жер шарын,
Күттықтап ер ұлдарын,
Қол көтеріп Сталин
Тұр күлімдеп, шаттанып

**БІЗДІҢ БІРІНШІ
ДЕПУТАТЫМЫЗ**



Халқымның жүрегінде сүйікті аты,
Мәңгілік көсеміне махаббаты,
Әлемге күн боп туған ұлы Сталин —
Қазақтың ең сүйікті депутаты.

Сол үшін қуанышпен мақтан, елім!
Туғызды ұлы көсем ұлы сенім,
Сене бер сол сүйікті көсеміңе,
Сталин — қуанышың, бағың сенің!
Қ. БЕКХОЖИН.





ҚЫЗЫЛ ҚҰМДА



Ә Н Г І М Е

В. КОПЫТИН

Суреттерін жасаған К. БАРАНОВ

Бұл кең даланың ұшы-қыйырына көз жетпейді. Дала шеті дөңгеленіп барып, көк жиекте көк күмбезімен ұласып тұрғандай. Ө дегенде бұл жалпақ далада ешқандай тіршілік жоқ болар деп ойлап та қаласың. Бірақ, олай емес. Мұнда, Қызыл құмда, ондаған колхоздардың мыңдаған төрт түзік малы жайылады. Тәжірибелі колхоз пропандары мен жылқышылары қыстың алты айында ақтылы қой, алашы жылқышы осы далада қыстатып жүргені. Бұмайт барқыт белдер малдың қысқы жақсы жайылымы болып есептеледі.

Быйыл Шәуілдір ауданының малшылары Қызыл құмнан жаңа қоныс тапты. Бұл қоныстың өрісі кең, өзі жырақ еді. Бұл жерде жанадан құдықтар қазылды, қаз-қатар өтін мал қоралар салынды. Малшылар иен далаға өмір әкелді. Радио станциясы орнатылды. Бірнеше бастауын мектеп және орталау мектеп ашылды.

Жекеменбі күні еді. Мектепке радист Павлик Таранов келді, оның жүзінде әлде қандай қуаныштың сәулесі бар. Ол оқытушы Жұмабек ағайға таяу келіп:

— Қызыл құмға самолет ұшып келетін болды. Радио бүгін соны хабарлады. Самолет қонатын алаң жасауымыз керек, — деді.

— Ол үшін балалардың да қолқабысы керек шығар, — деді Жұмабек ағай.

— Әрине, бірақ ең алдымен алаң жасайтын орын қарастыру керек.

Көп ұзамай-ақ Павлик пен Жұмабек ағай алаң жасайтын орын іздеп тапты. Балалардың біреуі күрек, біреуі кетпен әкелуге үйді-үйіне жөнелді. Самолет келеді деген хабарды естіген балалар, алақайлап, лезде оны бар ауылға жайды.

Балалар іске кірісті. Шұңқырларға топырақ тегіліп, жердің кедір-бұдыры тегістеле бастады. Алғыншы кластың оқушылары Асыл Бұқарбаев пен Марат Тайманов жұмысты тамаша істеді.

Кешеген су сепкендей қызу істелінін жатқан жұмыс тоқтала қалды, балалардың бәрі бірден жоғары қарады. Гүрілдеген мотор даусы естілді.

— Самолет! Самолет ұшып келеді! — деді

Асыл. Ол, бұлттан жаңа шыққан көз ұшындағы қара шоқатты басқалардан бұрын көріп қалып еді.

— Самолет, самолет! — деп балалар қосыла дауыстады. Қолдағы аспаптарын жоғары бырған, қыпқу сазды. Самолет қотан үстін екі-үш рет айналды да, біртіндеп төмендей бастады.

— Бұл қалай болғаны? — деп Павлик қыпжылды.

— О не, ағай? — деп Асыл мен Марат қосарлап сұрады.

— Бірден, алаң әлі дайын емес. Екіншіден, қай жер қонуға қолайлы екенін аңғартатын ешбір белгі қойған жоқпыз. Бұл самолет бүгін мұнда қонбас деймін.

Самолеттің гүрілдеген үні күшейе түсті. Кабинадан ұшқыштың басы да көрінді. Самолет жерге үш бөлек бұулы жүк тастады. Балалар қыпқу сан солай қарап жүтірді. Самолет тез қайтадан жоғары көтеріле бастады. Бір аздан кейін ол көк мұхитына сүңгіп, көзден ғайып болды.

Мектептің бір бөлмесі сайлау учаскесі етілген еді. Балалар самолет тастап кеткен заттарды сонда алып келді. Оның бірі кітап, газет, журнал еді. Олардың ішінде «Қазақ ССР Конституциясы», «Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сайлауы туралы Ереже» бар.

— Мына бір конвертті қара, ағай, — деді де, Марат жүк арасынан жерге түсіп кеткен жасыл конвертті қолына алып, Жұмабек ағайына ұсынды.

«Хұрметті малшы жолдастар, — деп жазыпты хатта, — самолет қонатын алаң жасап, оны белгілеп қойыңдар. Шымкент авиоотрядының самолеттері әр жұма сайын сіздерге ұшып барып тұрады. Ұшқыш Гурьянов».

Бүгінгі самолеттің қонбай кеткен себебіне әбден көзі жеткен балалар жамаң өкінді. Алайда, жүн кешкіріп қалған еді, жұмысты ертең аяқтамақ болып үйді-үйіне тарады.

— Біз ертең сабақта отырғанда самолет ұшып келсе қайтеміз? Тағы да «қан, өттегене-ай!» дейміз бе? Ертең «қан» демес үшін, алаңды бүгін бітіріп тастасақ қайтеді? Сен бұған қалай қарайсың? — деді Асыл, малшылар

№ 307154

қосына бірге қайтып келе жатқан қасындағы Маратқа.

— Жарайды, езі де алаңда көп жұмыс қалған жоқ, — деді Марат досының сөзін қостап.

Ертеңінде сабақтан кейін балалар алаңға келгенде, онда істейтін жұмыс жоқ еді. Екі пионер Асыл мен Марат алаңды кеше көшкілікте толық тегістеп бітірген болатын.

* * *

Үш күннен кейін самолет отарға қайта ұшып келді. Бұл жолы самолет бір айналды да, даяр алаңға барып қонды. Хаты арқылы табыс болған ұшқышты жұрт қошаменнен қарсы алды.

— Жаңа жыл құтты болсын, жолдастар! — деді ұшқыш жүзінде шаттық күлкі ойнап, — Мен сайлаушыларға да, балаларға да жаңа жыл сәлемдемесін әкелдім. Мынау сайлау жәшігі, мына теңде жаңа газеттер мен плакаттар бар. Мына теңде дәптерлер мен қарындантар бар.

Самолет бірер сағаттан кейін қайта ұшып кетті. Оқытушы Жұмабек ағай, радиет Павлык, дәрігер Дүйсен әр қосқа кіріп жүріп, шам жағысымен малшыларға сайлау заңын, газет хабарларын оқып берді.

Сайлау хабарларын тыңдаушы малшылардың ішінде Тайман жоқ еді. Ол кенже төлге, егі ояп қотанда күтілетін малға азық дайындауға бөлінген адам. Марат шеткі киіз үйден шығып, төбешіктің үстіндегі маяға тартты. Мая қасында Тайман тымағының қос құлағын қайырып тастап, арбадағы шөпті маяның үстіне ыргай лақтырып тұр. Бұл мая оңайлықпен үйілген жоқ. Қызылқұмнан шабындық жер табу да оңай емес. Құмайт барқыт белдердің арасында анда-санда жерде ғана ойдым-ойдым болып шыққан қыяқ, бидай бас шөп кездеседі. Қыс аяғы созылып кеткендей болса, мал ашығып қалмасын деп, Тайман бірнеше мая шөп шапқан. Міне, сол шөпті отардың қотанына тасып жатыр, бұл быйылы кенже төлдердің тағдыры Тайманда деген сөз.

Марат әкесіне таяу келіп:

— Әке! — деді. Бірақ, оны естіген Тайман жоқ. Өз жұмысымен болды.

— Әке, — деп Марат бүгін отарда болған жаңалықтарды бастырмалатын айта бастады, —

Бүгін самолет ұшып келді, көп газет, кітап журнал әкелді. Жаңа жыл сәлемдемесі деп мектепке көп дәптер, қарындан әкелді. Газетте сайлау туралы қызық хабарлар бар екен. Үйге барған соң, мен сізге оқып берейін.

— Оқы, қалқам, құлағымды түріп, көңіл қойып тыңдайың.

Марат газетін қойнына тырып, арбаға отырды. Пар жегілген екі қызы өлте мүйіздерін ербедетіп, бақайлары сыртылдан үйреншікті қорға қарай тартты.

Ертеңінде сайлау учаскесінің іші тіпті жайнап кетті. Жаңа плакаттар, суреттер ілінді. Сайлау учаскесін жыйнастыруға, безендіруге Марат пен Асыл белсене қатысты. Олар жаңа ұрандар жазды. Ол екеуі оншақты километр жердегі қойлы ауылға да газеттер мен кітаптар жеткізін берді. Ондағы сайлаушылардың тізімін дұрыстап тексере қайтты.

Марат пен Асыл сайлау комиссиясының сөзінді қолқанаты болды. Олар 16-февраль күші өздері сайлауға тікелей қатыспайды. Олар әлі жас, өнсеізге толған жоқ. Бірақта, алыстағы мал отарында жүріп, ата-анасының республикамыздың ең жоғарғы өкмет органы—Жоғарғы Советінің сайлауына қатысуы олар үшін зор мәртебе, қуаныш еді. Екі дос күзден бері колхоз орталығында қалып, сондағы орта мектептеп оқымағандарына өкініп тө жүретін. Оңашала бір-біріне мұны сыр қылып айтатын. Ал, сайлау науқаны басталғаннан бері Асыл мен Марат аса көңілді. Бұрынғы өкініш ұмыт болған. Сабақ оқудан қолы босаса-ақ болғаны, екеуі сайлау учаскесіне келеді. Мұндағы балалардың ересегі де екеуі. Мұнда мал бағудан, мал күзетінен артатын адам басы да шамалы. Олар осыны жақсы түсінеді. Ерте демейді, көш демейді, сайлау комиссиясының қандай тапсырмасы болмасын екі қылмай орындап отырады. Олар енді малшылардың жыйылысынан да қалмай қатысып отыратын болды. Сөйтіп, екі пионер Асыл мен Марат Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сайлауы кезінде тұңғыш көпшілік жұмысына ат салысты, көпшілік үшін қызмет істеді. Жас азамат болып, жалшыға бірдей сайлауға қатысуға жетсек-ау деп құлшынғандай еді, олар.



Қырағы бала



А. БАЙТАНАЕВ

Суреттерін жасаған К. БАРАНОВ

Біз мінген поезд Краснодар станциясына келіп тоқтады.

Бұл біздің жарадан жазылып, алдыңғы шепке қайтадан жол жүріш бара жатқан бетіміз еді.

— Бүгін осы станцияда боламыз. Артымызда келе жатқан жолдастарды осы арадан тосып алуымыз керек, — деді бізді басқарып, алып келе жатқан аға лейтенант Сейтов жолдас.

Бұл 1943-жылдың май айы еді.

Майдан барлық жерде толастап, уақытша тыныс алып тұрған кез. Екі жақ бірдей бекіністе жатыр. Алдымызда үлкен шабуылдың жақын екенін сезетінбіз. Барлық майданда да күш жыйналып, үлкен дайындық жұмыстары жүргізіліп жатқан тәрізді еді.

Станциядан күніне сансыз көп поездар ағылып өтіп жатады. Бәрі де қару-жарак, оқ-дәрі, снаряд, зеңбірек, танк тиелген, солдаттар мінген ауыр поездар. Бәрі де алдыңғы шепке қарай жол тартып барады. Станцияға келген поездар көп тоқтамай, жөнелтіліп жатыр. Өйткені соңғы екі-үш күннің ішінде станцияға ерекше тынышсыз жағдай туды. Жаудың самолеттері станцияны қатты бақылауға алған. Олар жиі-жиі шабуыл жасап, бомбалауда. Сондықтан станция өмірінің бұл кездегі әрбір минуты үлкен қауіпте тұрды. Күндіз станция маңында бейсауат адам жүрмейді. Жол бойында кейде ойнап жүрген бір-сарап балалар ғана болады.

Күн түс болып қалған мезгіл. Станцияға солдаттар мінген поезд келіп тоқтады. Жолдың бойында бір-екі бала ойнап жүр. Он қолып сыртынан ақ шүберекпен таңып, мойнына асып алған бір қыз жүрді. Ол әр вагонның есігінен сығалап қарайды. Әлде кімді күтіп жүрген адам сияқты. Қыз әлде неге асыққандай, аяғын жылдамдап басады. Жан-жағына ұрланып қарап та қояды.

— Сен кімді күтіп жүрең? — деді кішкентай бала, қызды артынан қуып жетіп.

— Әкемді күтіп жүрмін, — деп қыз төріе айналып кетті.

Бала таңырқағандай әлде неге сезікті көзбен қарады. Артынан ақырындап жүріп отыр-

ды. Балаға қыз туралы үлкен күдікті ой туды. Бірақ, қызға одап әрі тіл қатқан жоқ. «Қыз тегін қыз емес» деген пікірді ол ішіне түйіп алды. Қызды соңынан қадағалауда болды.

Қыз вагондардың есігіне қарайды да, құлағын қолына тосып, бір нәрсені тыңдайды. Қолын байлауы да жай емес тәрізді.

Одан әрі бала шыдап тұра алмады. «Тез жету керек, хабарлау керек», — деді ол өзіне-өзі.

Бала станция алаңынан шығып, жүгіріп кетті. Станцияға жақын жерде бір әскери бөлімнің штабы бар болатын. Бала жүгірген бойы штабқа кірді.

Бала кіріп келгенде, штаб бастығы автомат асынған бір солдатқа бұйрық беріп жатыр еді. Бастық сөзін бітірген соң:

— Бұлжытпай орындаймын, — деп солдат көрі бұрылып, тез шығып кетті.

Бала сөзін бастамай тұрып, штаб бастығының тұла бойына көз жүгіртіп алды. Ұзып бойлы, кең жаурынды, ыйықты жігіт екен. Көздері өткір, денесі жеңіл, шапшаң қыймылдан тұр. Өзінде алғыр адамның кескіні бар. Бала енді екі ыйығына тағы бір қарап алып, әскери белгісін біліп алды. Капитан екен.

— Жолдас капитан! — деді бала, солдаттарша әскери тәртіп сақтап.

— Не айтқыңыз келіп еді? — деді капитан балаға тура қарап.

— Жолдас капитан, мен тыңшы қыз көрдім. — деді бала асыға сөйлеп.

— Қандай тыңшы? Кім ол? Қайда жүр? — деп, штабтың бастығы күле сөйледі.

Алғашқы кезде жүрексініп, батыл сөйлей алмай тұрған бала, штаб бастығының күліп, жылы шырай бергенін сезіп, енді еркін сөйлей бастады.

— Ол кетіп қалуы мүмкін...

— Оны өзің неге осында ерте келмедің? — деп, штаб бастығы тағы күлді. Бала бастықтың күле сөйлеген пішінінен оның сөзіне мән бермей отырғанын сезіп, кең бастады.

— Сіз маған сенбей тұрған болуыңыз ке-



рек. Мен сізді бұдан бұрын алдап, әурелеген жерім бар ма еді?

Бала бұл жолы бой тоқтатып нық сөйледі.

— Олай болса, жүр, барын көрейік. Кісіні алдамаймын дедің ғой.

* * *

Көп кешікпей-ақ қыз штабта, капитанның алдында тұрды.

— Қолыңызды шешіңіз!

— Шешуге болмайды. Дәрігер шешуге рұқсат етпейді.

— Шешіңіз, көрейік, қандай жара екен?

— Ауыр жара. Көруге болмайды, Ауырады. Мені ұстамаңыз, мәнін тез кеткім керек. Далада көп жүріп қалдым, кетемін...

— Қайда жатырсыз?

— Осында, госпитальда.

Бұдан әрі қызбен жай сөйлесуден түк шықпайтынын қауіпті білді. Орнынан тұрып, қыздың қасына жақындады. Бұл кезде қыздың бүгін отырған барлық сыры белгілі бола бастағандай болды. Бірақ, әлі де сырын аша түсу керек.

Қауіпті даусын кілт өзгертін, ашулы кескіңде сөйледі.

— Қолыңды шеш! — деді қарсы алдында төніп тұрып.

Қыз үн қатпай қалды. Төмен қарады. Түсі қанып, қуара бастады. Басын шайқайды. Капитан тапаншасын суырын алып, қызға қарай оқталды.

— Өмір сүргің келсе, қолыңды шеш! Кім екеніңді айт!

Қыз біраз қыйналды. Бұлтартып та байқады. Бірақ, кұтылмасын білді. Қолына қабат-қабат оралған шүберекті ақырындап ағыта бастады.

— Міне, мәнің кім екенімді білдіретін белгі мынау, — деп қыз оң қолың таңған ақ шүберектің астынан бір кінкештай аппарат алып, стол үстіне қойды. Бұл хабарлағыш радио аппараты еді.

— Мен неміс қызымын. Атым Шарлотта. Бұдан бір ай бұрын парашютпен совет әскерлерінің тылына келіп түскенмін.

Қыздың бар айтқаны осы. Қыздың кім екені белгілі болды. Бірнеше күн бойы Краснодар станциясының үстіне жаудың самолеттері шүбілін, кетпей қою себебі де ашылды.

Бала айтқандай бұл «тыңшы қыз» болып шықты.

Тыңшы қыз ұсталды. Оны көріп ұстаған кінкешке ғана бала. Ол «тыңшы» деген сөздің мағынасына да жете түсінбейтін. Бірақ, тыңшы дегеннің бізге жау алам екенін жақсы білетін. Ол бұрын кинодан «тыңшыларды» талай көрген еді. Жолдастарымен бас қосқан жерде, ол тыңшы туралы әңгіме қозғайтын.

— Оның түсі суық болады. Көз қарасын, жүріс-тұрысын аңғарып қарасаңдар, сезікті болып тұрады. «Инженер Кочиннің хатесі» деген кинодағы инженер Кочиннің ойлап шығарған жаңа самолетінің жобасы салынған сызықты ұрлап, суретке түсіріп алатын тыңшыны еске түсіріңдерші. Әресе, оның қылмысты іс үстінде тұрған кейінін көз алдыға елестетіңдерші. Қанша жасырамып деп тырысқанымен түсі қуарып, «мен тыңшымын, мен жаумын» дегенді өзі айтып тұрғандай болады, — дейтін ол.

Бұл қырағы бала сенің алыстағы жас досың — Краснодардағы Володя Кашкаров дейтін бала еді.





А. С. Пушкин

1815 жылдың 8 январь күні еді. Бүгін Лицей мектебінің шәкірттері жұрт алдында, төменгі бөлімнен жоғарғы бөлімге көшу үшін, ашық емтихан тапсырмақ. Емтиханға халық көп жыйналды. Хұрметті қонақтардың ішінде орыстың сол замандағы әйгілі ақыны Державин қарт та бар еді. Мұғалімдері бір шәкіртті емтихан беруге шақырады. Державиннен екі қалам жерде тұрып, қарт жыраудың отаншыл өлеңдеріне еліктеп жазған «Царское селоны еске алу» деген өлеңін шәкірт бала әдемілеп оқып береді.



Шәкірттің өлеңі жыйылған жұртқа өте ұнайды. Қарт Державин шәкірттің ақындығына аса риза болады, көңілі босап, көзіне жас алады. Бала ақынның бетінен сүймек боп Державин тұра ұмтылады. Бірақ, шәкірт ұялып, қашып кетеді.

Сонда қарт жырау:

— Міне, Державиннің орнын басатын ұл! — деп дауыстапты.

Бұл бала ақын Александр Сергеевич Пушкин еді. Ол тек Державин қарттың орнын басып қана қоймады, одан асып түсті, орыс халқының аяулы данышпан ақыны болды. Александр Сер-

геевич аз өмір сүрді. Бірақ, ол артына мәңгі жасайтын ұлы шығармалар жазып қалдырды. А. С. Пушкиннің сұлу поэмалары, асыл романдары дүние жүзілік әдебиет қазнасы төрінен хұрметті орын алды.

А. С. Пушкин Советтер Одағындағы барлық халықтардың ең сүйікті ақыны. А. С. Пушкиннің өлеңдерін тұңғыш қазақ тіліне аударған адам — Абай Құнанбайұлы еді. Содан бері оның таңдамалы шығармалары толық қазақ тіліне аударылды. Қазақ халқы А. С. Пушкинді өзінің төл ақыны санайды, оның шығармаларын сүйіп оқыйды.

Ұлы ақын балаларға арнап көптеген ертегі, өлеңдер жазды. Оның «Алтын балық туралы», «Алтын өтеп туралы», «Молда мен Балда», «Салтан патша туралы» деген ертегілерін жас өспірімдер құмартып оқыйды.

Александр Сергеевичтің өлгеніне быйыл февральдың 10 күні 110 жыл толды. Данышпан ақын осыдан жүз жылдар бұрын:

Халқыма қалаулы ұзақ болар жерім,
Қандырдым өлеңіммен мейірлерім,
Қытымыр заманымда теңдікті айтып,
Рахымдық пақырларға тілегенім.
Дабысым Ресейге кетер жалпақ,

Тіл біткен жүрер менің атымды этч... деп жазған. Ақынның бұл айтқаны қазір келді. Совет өлінің жасы да, кәрісі де Пушкин есімін зор хұрметпен атайды, қадір тұтады. Ұлы орыс халқының кеменгер ұлын совет адамдары мәңгі есте сақтайды.

СТАЛИНДІК ЗАМАНЫМ

Қуаныш кернеп бойымды,
Шырқап әнге саламын.
Ән шырқатқан әлдилеп,
Сталиндік заманым!

Шыңына шығып білімнің,
Өнер, білім аламын.
Бахыт, даңққа ие еткен
Сталиндік заманым!

Байлық, дәулет шалықтап,
Сәні кірді даланың.

Өмірімді өрлеткен
Сталиндік заманым!

Қайта туып жасарғаң
Арманы жоқ анаым.
Кәрі жасты қуантқан
Сталиндік заманым!

Қуаныш кернеп бойымды,
Оттай болып жанамын.
Жасай бергін гүлденіп,
Сталиндік заманым!

М. ЖЕКЕМБАЕВ.



Кішкене Досудар



М. ТИЕСОВ

Суреттерін жасаған Н. ХОДЖИКОВ

1941-жыл. Жау Москваға қарай ентелей түсуде. Батыстағы бауырлар келсеі үстне келіп жатыр. Олар қалаға да, колхозға да орналасып жатыр. Екі бөлмесі барлар бірін, бір бөлмесі барлар жартысын босатып, келсеі бауырларға беріп жатыр. Ол, оүтін бауырсақты бөліп жеу, жарты бауырсақты жарып жеу сәйтқа еналған кез.

Жылқышы қосын да, қойшы киіз үйін де қызғанады. Ешкім ешпәрсесін аяған жоқ. Ол, малды ауылдың қымызы мен айраны да, сүті мен қанмағы да, ботасы мен таялағы да, қулыны мен тайлары да, ешкісі мен қойлары да жауды жеуге жұмсалған кез. Алпыс екі жастағы қарт ана өзінің жеті жасар немересі Светланамен Сақаоан қойшының үйіне орналасты. Светланаң шашы алтын түстес сап-сары еді. Оны қойлы ауылдың адамдары «Алтыншаш» деп атап кетті. Егер қойшының үйінде Алтыншашпен түндей құрдас Қарашаш болмаса, Алтыншашқа көңілсіз болар ма еді, қайтер еді. Қойлы ауылда ойнай қоятын өзіндей қыз болмаған соң «көп ауылға, колхоз орталығына көшейік», деп, Қарашаш қойшы әкесін күнде мазалайтын. Алғашқы кездесу сағатынан бастап-ақ Қарашаш барлық ойыншығын Алтыншаштың алдына жайып салды. «Екеуміз айранды осымен ішелік», деп сары тостағаны мен кішкене күміс қасығына дейін алып келді. Алыстан жүдеп-жадап, арып-шаршап келген қарт ананы Сақабайдың өзі де, оның әйелі Салиқа да шын ықыласымен қарсы алып еді. «Атасы достың баласы дос» деген. Ата-аналарының ықыласын таныған балалардың көңілінде де ешбір алалық болмады. Қарашаш пен Алтыншаш бір ұяның балапанындай болып кетті. Балалардың ботадай тату болуы ата-ана арасындағы достықты да күшейте түсті. Күні бойы бірге ойнау, әрқашан бірге тамақтану бұл екеуіне аз болғандай-ақ, бір айдан кейін бұлар шешелерінен бөлініп бірге де жататын болды, егіз қозыдай бірінен-бірі айрылмады.

Соғыс жылының алғашқы жазын Алтыншаш пен Қарашаш осылай өткізіп жатты. Бір күні Алтыншаш пен Қарашаш жуа мен жауказын тере шықты. Жуа теріп жүріп, шөп арасында жатқан улы жыланды Алтыншаш белінен басып кетті. Жылан оның балтырына орала түсті. Бұрын жылан көрмеген Алтыншаш боп-бо болып, шошынып кетті. Не істерін білмей қалған Алтыншаш бір орында қозғалмай тұрып қалды.



— Жылан! жылан! Қарашаш деймін, жылан! Бұл енді менің аяғымды жеп қояды ғой, — деген ащы дауысы шықты Алтыншаштың. Анадай жерде жуа теріп жүрген Қарашаш оның қасына жүгіріп келді. Жуа салған тері қалтаны қолғап етіп киді де, жыланды қыл мойнынан қылқынтып ұстай алды. Мойны қысылып, тынысы тарылған жылан Алтыншаштың аяғына оралған қуырғын босатып жіберді. Қолға түскен жыланды, жіберетін Қарашаш па? Жудырықтай тасты жерден ала салып, түйгіштеп-түйгіштеп, түймедей басын ездді де, жыланды жерге тастай берді. Жыланның өлгенін көрген Алтыншаш қатты қуанды.

— Сен қалай қорықпайсың, Қарашаш-ау! Сен бөлмеғанда... — деп келе жатыр еді.

— Шаққан жоқ па, шаққан жоқ па, соны айтшы? — деді Қарашаш.

— Білмеймін.

— Отыршы, отыршы, мен көрейін. Алтыншашты отырғызып Қарашаш қарап еді, күнге күйіп қызарған балтырының бала тырнағы көлеміндей жері бозарып тұр екен. Сол бозарған жердің ортасында қансымақтау бір тамшы су тұрды.

— Қозғал ма, қозғал ма! — деді де Қарашаш әлгі бозарып тұрған жерді өзінің алмастай өткір тісімен қыршып жұлып тастады да, жерге түкіріп-түкіріп жіберді.

Алтыншаштың балбыраған жұқа балтырына қан саулап аға жөнелді. Ол үрейлене Қарашашқа қарап:

— Мұның не? — деді көгілдір көзінің жасы шып-шып шығып.

— Қорықпа, Алтыншаш, жыланның уы енді жайылмайды—деді де, Алтыншаштың қанаған балтырын жұқа жібек орамалмен байлап тастады.

Былтыр осы жайлауда әкесінің қолын жылан шаққанда шешесі Салиқа осылай еткен. Сонда шешесі әкесінің қолын осылай байлап тастаған. Улы денені тістеген ауызын Қарашаштың шешесі сүтпен шайған болатын. Шайған сайын сүт айранша ұйып-ұйып түскен еді. Бұдағы Қарашаштың есінде екен.

— Мен де ауымды сүтпен шаймын, — деп Қарашаш Алтыншашты қолынан жетектеп алып, таудан ойдағы ауылға қарай жүгіре жөнелді.



Б. СЛАНОВ

Таң сәріден шыққан екі жолаушы, күн сәске болмай-ақ қаны кеуіп, шөлдей бастады.

— Анау көрінген суға қазір жетеміз, — деп олар үміттеніп жүре берді. Бірақ, «суға» жете алмай талықсыды.

— Әттен, бір жұтым су-ай! — деп олар суды арман етті. Дегенмен, олар су таба алмады, жаңағы жарқырап көрінген айдын «көлге» де жете алмады. Оларға жапан түзде саялайтын бұта да кездеспеді. Бұлардың ендігі арманы баратын жеріне жету емес, таңдайды жібітетін бір жұтым су болды. Бағанағы көрінген айдын дариясы су емес, сары даланың сағымы еді.

Жігері құм, арманы сағым болған екі жолаушы әлсіреп барып құлайды.

Бірі еңкейген көрі, бірі уылжыған жас екі жолаушы көзіне көрінгенге ұмтылып, қолына ілінгенді қармап жүріп талмаусырап ұйықтап кетеді. Сөйтіп жатып олар түс көреді. Айналасы ағыл-тегіл айдын көл, көкорай шалғын жер. Жайқалған егін, қаптаған мал. Мәуе ағаштар, онда өскен түрлі жемістер.

— Міне, шаттық дүние! — деп булығып шыққан бірінші даусынан екіншісі де оянады. Түсі екенін сезген жолаушылар саз беріп атып келе жатқан танды көреді.

Бұл «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұламань» кезі еді. Бұл екі жолаушы Сырға қарай босқан қазақтардың шашыранды бір тобы еді.

Қазақтың байтақ даласы су тапшылығын көп көрген. Қазақтардың жазы, қысы тұрақты қоныс тапмай көшпелі болғаны да осы судың тапшылығы еді. «Қарасу көрінім жерге апарады» деген халық мақалы да содан қалған, — деп Жұмақан қарт әңгімесін аяқтады.

Балалар, Жұмақан Оразбаев қарт қазір Қызыл-Орда су бөгеті құрылысында жұмыс істейді. Көпті көрген, көп жасаған адамның бірі. Ол Сырдария өзенінің сырын, кешегісі мен бүгінгісін бес саусағындай біледі.

Қазақ халқының шөл даласын көлге, иен даласын қалың елге айналдырған Октябрь Социалистік революциясы, сталиндік бесжылдықтар құрылысы болды. Халқымыздың ғасырлар бойы арман еткен тілегі орындалды. Өмір бақи жан

баспаған аймаққа қала салынды. Құс қонбайтын тақырға теңіз толқынындай жайқалған егін өсірілді. Құлазыған шөлде өзен ағып, көкорай шалғын, қалың тоғай өсті. Сталиндік бесжылдықтар ішінде республикамызда ондаған канал, тоғандар қазылып, бұрынғы шөл далалар суға шөлін қандырады. Жаңадан салынған су жолдарының ішінде Киров атындағы канал ерекше орын алады.

Сырдариядан алынған Киров атындағы каналдың ұзындығы 122 километр. Бұл канал бүкіл Мырзашөл деп аталатын Бетпақ даланың бір аймағын тұтас суландырады. Бұл далада қазір Киров және Ильич аудандары бар. Екі ауданның 10 мың гектар егістік жері канал арқылы суғарылады. Сөйтіп, шөл дала қазір сәні кіріп, гүлденіп, басқа түрге кірді. Маңғаз табиғат адам баласына тізе бүкті. Жаратылыс байлығы ел игілігіне, халық дәулетіне айналды.

Атышулы Бетпақ даланың апшысы қуырылып, көлемі барған сайын кішірейіп келеді. Ол жан-жағынан салынған алып құрылыстардың тегеуренді қоршауына түсті.

Міне, балалар, Бетпақ дала шөліне шабуыл жорығы осылай басталған болатын. Алайда, өлкемізде әлі де менгерілмей жатқан құнарлы жерлер аз емес. Сондықтан да шөлге шабуыл әлі аяқталған жоқ. Сталиндік жаңа бесжылдықта да жер суландыру міндеті үлкен орын алып отыр. Түрлі егістердің өнімін әлде де арттыра түсу, құнарлы жердің көлемін молайта беру міндеті қойылып отыр.

Бұл міндеттерді орындаудағы ірі құрылыстың бірі—Сырдария өзеніне салынатын Қызыл—Орда су бөгеті. Бұл Орта Азиядағы ең ірі су құрылысының бірі болмақ.

Сыр өзенінің асау толқынды арнасы жүгенделеді. Ол жаңа арнамен ағызылатын болады. Сырды талай ұрпақтар еміп келеді. Сырдан төжік те, өзбек те, қазақ та су ішеді. «Бейлі кен құнарлы өзен», — дейді оның маңайындағы елдің бәрі де.

Сыр суы талай ұрпақты бауырына тартқан, атам замандағы Орта Азия мәдениетінің орталығы болған. Сыр бойында Артүк, Құмыян, Отырар, Сауран деген ескі қалалардың қазір орны табы-

лып отыр. Сыр өзенінің терең сырлы болуының себебі — бұған бірнеше өзен, бұлақтар құяды. Бірнеше өзен айрылады. Сырдың зор ариасы өмірдің күре тамыры сыяқты. Өнерлі кәсіп те, ауыл шаруашылығы да қазір Сырдың бойында шарықтап өркендеп келеді. Өзбекстандағы атышулы Шыршық құрылысы, ондағы алып металлургия заводы, тамаша су бөгеттері, жүз мыңдаған гектар суарылатын егістік жерлердің өмірі — сонау Тянь-шаннан шығатын Сырдың тармақтарына байланысты. Сондықтан да жұрт Сырды өмір бұлағы, деп дұрыс атаған.

Сыр өзені біздің Оңтүстік облыстың бірсып्रा аудандары мен Қызыл—Орда облысын бүтіндей жарып өтеді. Алайда Сырдарияның мол суы бұл күнге дейін толық пайдаланылған емес. Оның себебі дарияның суы бір қалыпта жатпай, бірде төмен, бірде жоғары көтеріліп, ала жаздай бірнеше құбылысқа түседі. Мұның ариасындағы суын жаз бойы бір қалыпта ұстау және облыстың колхоздарына әрі суды мол беру, әрі электр қуатын пайдалану мақсатымен жаңа бөгет салына бастады. Құрылысқа облыс еңбекшілері жаппай ат салысуда. Су бөгеті—алып құрылыс. Қажымайтын қайратты, қайтпайтын жігерлі жұмысшылардың күшімен орнатылады. Келешегі үшін көрісі де, жасы да жұмылып еңбек етуде. Қызған еңбек майданын осы құрылыс басында көресіздер.

Қызыл—Орда қаласының дәл шығыс беті, Ташкент темір жолы бойындағы № 12 разъезден дарияға қарай қыя тартқан темір жол тармағы салынып жатыр. Мұның ұзындығы 8 километрдей. Бұл жолдың ұзын бойында қаптаған құрылысшылар. Бұлардың бір тобы топырақ үйіп, шпал төсесе, екінші бір тобы темір жол рельсін орнатып жатыр. Аз уақыттан кейін бұл жолмен бөгет басына ағылып вагон-вагон құрылыс материалдары тасылмақшы. Қаладағы станция басында да сол сыяқты, қаптаған қалың қол, түбекке

келіп түсіріліп жатқан құрылыс материалдары. Жүк машиналары ағылып құрылыс басына оларды тасып жүр. Міне, қызған жұмыс, бүкіл халықтық құрылыс! — деп осыны айтады.

Қаланың оңтүстік — шығыс жағына қарай тартылған тақтайдай тас жол. Мұнда да иін тіресіп бара жатқан жүк машиналары. 9 километр жүргеннен кейін жұмысшылар қыстағына—бөгет құрылысының жаңа қаласы орнаған жерге келіп жетесіз.

— Бөгеттің негізгі құрылысына кірістік. Мынау қазылып жатқан Сырдың жаңа ариасы. Мұның ұзындығы 3 километрдей, ені 120—200 метр, тереңдігі 8—12 метр болады. «Асау Сырды ауыздықтаймыз» — деуіміздің мәнісі де осы. Ескі арианың анау екі иіні кесіп тастап, дарияны қолдан қазған жаңа ариамен ағызамыз. Және де оның барлық тетігі біздің қолымызда болады. Міне, біздің Сырды жеңеміз дегеніміз де осы — дейді құрылыс инженері Росляков жолдас.

Қызыл—Орда су бөгеті Сталиндік төртінші бесжылдық ішінде салынып бітеді. Мұның келешегі мол. Қызыл—Орда облысының экономикалық халін, мәдениетін бұрынғыдан да гөрі дамыта түседі. Бөгет құрылысы аяқталғанда, облыста 200 мың гектар егістік жер жаңадан суарылады. Сонымен қатар 5000 киловаттық қуаты бар электр станциясы жұмыс істейді. Егіннің анасы—жер болса, атасы—су ғой. Қазір гектарынан 1020 пұт күріш алып отырған, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Ыбырай Жақаевтар қатары өсіп, күріштің өнімі бұдан бірнеше есе артатыны сөзсіз. Жаңа бесжылдықтың аяғында Сырдария бойы Одақтық күріш қоймасына айналады.

Шөлге шабуыл жасау атам заманнан-ақ басталған. Бірақ, қазіргі социализм дәуіріндегідей қарқынды шабуыл, шөлді шапшаң меңгеру болған емес. Асан қайғының көре алмай кеткен «жер ұйығын» қазіргі ұрпақ өз қолымен жасап алды.



С Ы Р Ғ А Н А Қ

Көк айна мұз теп-тегіс,
Бұдырсыз жылтыр сырғанақ.
Тамашалап жалықпай,
Балалар жүр сырғанап.
Әрі өткір, әрі үшкір,
Болаттан табан байлап ап.
Жұлдыздай арып зырлайды,
Жығылмайды тайғанап.

Қарыштай сілтеп аяқты,
Түрлі әдіспен айналад,
Шебер болып шынығат,
Шығатын түрі байқалад.

Сырғанақта жайдары
Теуіп жүр жас ұландар,
Болашақ ұлы отанның
Қорғаушысы — қырандар.

Р. ЫДЫРЫСОВ.

Менің әкем — депутат!

(ПИОНЕР СӨЗІ)

С. БАЯЗИТОВ

Шатпын өте мен бүгін,
Ойнақтаймын асыр сап.
Шат болмайын неге мен,
Менің әкем — депутат!

Неткен үлкен қуаныш,
Тым қадірлі зор атақ,
Халқы қалап сайлады,
Менің әкем — депутат!

Мұнша атақ беретін,
Менің әкем кім еді?
Көз алдыма елестеп,
Бар өмірі келеді.

Заманыңда бай-патша,
Әкем менің құл еді,
Қойып бағып байлардың
Езілетін жүрегі.

Сайлау болса сол кезде,
Мазак еткен әкемді,
Еріксіз дауыс бергізген
Сайлау үшін әкімді.

«Таста маған шарыңды,
Сақта есінде, бірақта,
Тисе билік қолыма,
Жеткізермін мұратқа».

Нақ осылай сайлауы,
Талас, тартыс, дау болған.
Тату тұрған ағайын
Араздасып, жау болған.

Қолына билік тигені,
Қарсы жағын қан қылған.
Талқан қылып мекенін,
Бұрқыратып шаң қылған.

Қара түнәк түнімен,
Өтті кәзір ол заман.
Өтті, кетті келмеске,
Жасарды өмір жаңадан.

Бахытты өмір орнатты,
Сталиндік жаңа заң.
Сайлануға, сайлауға,
Болды ерікті бар адам.

Әкемді ел ұсынды,
Берді оған зор атақ.
Кеше-жалшы, ол бүгін —
Халқы сүйген депутат!

Бағаланды еңбегі,
Бұл еңбектің жемісі.
«Еңбек өткен емеді»
Деген сөздің белгісі.

Қуанамын мен бүгін,
Тұрмыс жақсы, көңіл шат.
Айқайлаймын әлемге:
— Менің — әкем депутат!

Мен ұлымын отанның,
Елім үшін жан-тәнім.
Көсеміме данышпан.
Алғысымды айтамын.

Сталин әкем, көп рахмет!
Ұлы ұстазым, кеменгер.
Сіз—күнісіз заманның,
Жайна мәңгі, жасай бер!

Шаңғышы

З. ҚАЛАУОВА

Қызыл нұрға бөленіп,
Көтерілді күн таудан.
Тал, қарағай, әмендер
Бурылданды қыраудан.

Әсем қайың күс мамық,
Күміс көрпе жамылған,
Сықырлаған ақша қар,
Күн нұрына шағылған.

Шықты Мұрат шаңғымен,
Аяғына байлаған:
Алып қашқан асаудай,
Бәйгі топқа сайлаған.

Тауда, сонау төскейде,
Жұлдыздайын ағады.
Қолын сермен ламылсыз,
Қос қанаттай қағады.

Орғып тоқсан толқыйды,
Таудан аққан ағындай.
Бейне құйын құлдырайд,
Белде ойнаған сағымдай.

Кейде сусып сынаптай,
Кейде қылыш үйірген.

Кейде тасып булақтай,
Кейде қыран шүйілген.

Суық сүйіп бетінен,
Алмадайын қызарған.
Шаңғы теуіп, сайрандап,
Шығады ол құмардан.

Жібек мінез жайдары,
Торсық шеке, ақ маңдай.
Ер тұлғасы көзінің
Жанарында жанғандай.

Балғын дене шынығып,
Шыйратылған жібектей,
Жас қанатын таранып,
Қуздан ұшар түлектей.

Еркін өмір, көңіл шат,
Бахыт берген заманы.
Болашақ ер азамат,
Ұлы қорам адамы.

Қайсар, өжет, ер мінез,
Тас жарғандай талабы.



Таза білім қайнарын
Талмай ішіп, қанады.

Дер кезінде құныттап,
Сабағына барады.
Озат класс ішінде,
Зерек ойлы, саналы.

Жібек желмен жарысып,
Бейне тұлпар жөлісі.
Кен жазықта зулаған,
Оқтай шаңғы тебісі.

ПИОНЕР ЖҮЙІНІНДІ ҚЫЗЫНДА

ТУЛАРЫМЫЗ ТУРАЛЫ

Бірліктің белгісі

Алтын, күміспен әшекейленген (кестеленген) не жібек, не барқыт ту қан майдандағы әскерлердің үстінде талай желбіреген.

Қан майданда ту қаншама көп болса, оны оқ та соншама көп жыртатын, ту қаншама оққа көп қарылып, түтінге көп ысталса, оның данқы да әлемге сонша көп тарайтын.

Кейбіреулерге майданды тастап, қызмет еткен әскери бөлімдерін тастап кететін де күн туады, бірақ олардың істері, ерліктері оларды ауыстырған жолдастарының жүрегінде мәңгі жасай бермек.

Біздің даңқты Қызыл Армиямыздың туы, байтақ социалистік отанымыздың үстінде желбіреген басқа қызыл тулар секілді, жер жүзіндегі революция туы. Бұл ту жер жүзіндегі еңбекшілердің бірлестігінің белгісі.

Пионерлік қызыл галстук — сол қызыл тудың бір бөлшегі.

Пионерлердің Бүкілсоюздық слетінде М. И. Калинин:

«Кеуделеріндегі қызыл галстук жүз-мыңдаған жауынгерлердің қанына боялған... Бұл қызыл галстукті атак-аброймен тағып жүріңдер. Коммунизмнің қызыл туын қолдарыңа берік ұстандар» — деді.

„Өлгенше қалдырма“

Тудың не екені, оны қалай ұстау керектігі, ту ұстаушының міндеті жөнінде Петр бірінші былай деген:

«Ту ұстаушы майдан басында қолыңдағы туын өле-өлгенше түсірмеу керек. Сонымен бірге ол туды сол қолмен ұстап, оң қолмен жаудан қорғануы керек. Бірақ, туды өлгенше қолыңан түсірмеуге міндетті.

Ал егер, қыйын қыстау күн туса, туды сабынан жұлып алып қалайда жаныңда сақтауы тиіс».

Орыстың ұлы қолбасшысы Кутузов Алушта жанындағы ұрыста оң көзінен айрылды. Ауыр жараланса да, ұлы қолбасшы солдаттарға зор жігер беріп, түменен алға ұмтылды.

1805 жылы Аустерлиц жанындағы қатты ұрыстан соң санағанда орыс әскерінің отыз шақты туы жоқ болып шықты.

Бірақ, ол тулардың бәрін де солдаттар мен офицерлер бойларында жасырып, аман алып қалғандығы соңынан белгілі болды.

Ауыр жараланған унтер-офицер Замазин түнде майдан басында жатып, туды сабынан жұлып алып, мундирінің ішкі жеңіне тігіп алады.

Соңынан ол француздар қолына тұтқынға түсті. Екі айдай ауруханада жатты. Жазылған соң тұтқыннан қашып, туды аман-есен Ресейге әкелді.

Өткен ғасырдың отызыншы жылдарында Жәңгір ханға қарсы көтерілген халық көтерілісін басқарған Исатай, Махамбет батырды білесіндер ғой. Олардың да зер шамақтары салбыраған, қарағай сапқа қадалған, жібек туы болған.

Қыйғыр қылыш қынапта,
Еменнен найза саптаған.
Исатай келген ту ұстап,
Астында тұлпар ақтабан, —

деп суреттейді ақын Ығылман Шөреков. Хан әскері мен Исатай, Махамбет бастаған халықтың арасында болатын Қыялыдағы атакты айкаста халық жақтың жібек туын Исатайдың сенімді батыры Тәни ұстайды. Ол, ұрыс аяқталғанша желбіреген жібек туды берік ұстап қолынан түсірмейді.

Ту қалай қызыл болды

Қызыл ту қашаннан бері және қайша халық көтерілісінің туына айналғанын, сендер білесіндер ме? Ол француз революциясының бас кезінде еді. «Халық демонстрациялары мен тастауларына қарсы әскери заң», деген сол кезде Парижда заң шыққан еді. Бұл заң көшедегі топталған революцияшыл жұмысшылар мен қолөнершілерге қарсы мылтық атуды талап ететін еді.

Қазір көтерілісшілерге оқ атылады, деген белгі ретінде дуан басы тұрған үйдің терезесіне қызыл орнамал байланатын еді.

Бірақ, Париж көшесінде зығырланы қайнаған аш, жалаңаштардың табы күн санап арта берді. Оларды ешқандай қарулы күш қорқыта алмады. Қайта өздері қару-жарақтанып зорлық-зомбылыққа жауап беруге әзірленді.

Бір күні демонстрация жасаушылардың да үстінде «қанаушыларға қарсы әскери заң», деген жазуы бар қызыл орнамал көрінді.

Сонымен 1792 жылы қызыл ту революция туына айналды. Халық



өз ұлдарының қанын осы тудың бетінен көрді.

1871 жылы 18-мартта Париждағы баррикадаларда жеңген жұмысшылар өздеріне бір кезде өлім хаупін төндірген дуан басы тұрған үйдің қақпасына қызыл туды берік етіп қадады.

Бұл Париж коммунасының — жер жүзіндік пролетариат революциясының бірінші күні еді.

Ресейде Октябрь революциясы жеңгеннен кейін, Париж коммуналарының туын француз жұмысшылары Москваға жіберді.

Ол туды Париж коммунасына қатынасқан Густав Юнар ұлы Лениннің мавзолейіне әкеп орнатты.

Революция туы

Қызыл ту Ресейде көтеріліс жасаған жұмысшылар мен шаруалардың да туы болды.

1905 жылы қызыл ту Москвада, Петербургте және басқа қалалардағы көтерілісшілердің үстінде желбіреді.

Томскіде демонстрация кезінде жараланған ту ұстаушы Кононов жандармдарға көрсетпей туды жаңқалтасына салып алады. Кононов кешікпей қайтыс болғанда, оның жанынан туды жас Киров алады.

Соңынан жұмысшы Кононовты жерлегенде, әлгі ту табыт артынан келе жатқан қалың көптің үстінде тағы да желбіреді.

1917 жылы Москва мен Петроградтың көшелерінде қызыл ту қайтадан желбіреді. Қызыл түс (түр) жұмысшылар мен шаруалардың ұлы республикасының мемлекеттік туының түсіне айналды.

1940 жылы 6 августа азат болған эстон халқының делегаттары Кремльдің үлкен сарайындағы ССРО Жоғарғы Советінің мәжлісіне өздерімен бірге екі ту алып келді.

1905 және 1917 жылдары Эстония жұмысшылары осы тулардың астында жүріп, орыс жұмысшыларымен бірге патшаға қарсы күрескен еді.

ССРО Жоғарғы Советінің депутаттары бұл туларды қатты қол шапалақтаумен құттықтады.

Ерлік ұрыстарда

Қызыл тулардың астында жүріп Фрунзе, Ворошилов, Буденный, Чапаев, Щорс секілді азамат соғысының атақты батырлары аквардеецтермен, интервенттермен аялбай күресті. Қызыл Армияның атақты полктары осы қызыл тулардың астында жүріп, азамат соғысының барлық майдарында да жауды жеңіп шықты.

Қазақ даласында 1916 жылғы халық көтерілісімен бірге қызыл ту тұңғыш рет желбіреді. Оны алғаш



ұстап шыққан қазақ халқының атақты бағыры Амангелді еді.

Совет халқы Ұлы Отан соғысында неміс-фашист басқыншыларға қарсы қолына қызыл ту ұстап тұрды. Ол тудың бетіне «Советтік отанымыз үшін» деген қасиетті сөздер жазылған еді. Совет халқы Ленин — Сталин туы астында тарихи жеңіске жетті. Қызыл Армияның қаһарман әскерлері қызыл ту астында зұлым жауды толық талқандап, Еуропаның ондаған елін неміс құлдығынан азат етті. Қызыл Армия, даңққа бөленген қызыл тулары үстінде желбіреп, жеңіс туын Берлиннің үстіне апарып қадады.

Совет жауынгерлері айбынды қызыл туларын жанындай жақсы көреді, көздерінің қарашығындай сақтайды.

1941 жыл. Киевтің орталық көшесі Крещатикте кескілескен ұрыс үстінде бір полктың ту ұстаушысы ауыр жараланды. Ол өзінің қайтып қатарға қосылмайтынын анық сезді. Бірақ, ол қалайда қолындағы туды аман сақтап қалуды ойлады. Жауынгер қансырап, әл үстінде жатса да, полктың айбынды туын жат қолға түсіргісі келмеді. Қасына келген баладан ол: «шырағым, сен пионермісің?» — деп сұрады. «Ие, мен пионермін, маған сеніңіз», — деді бала. Жаралы жауынгер баланың шын пионер екеніне әбден көзі жеткен соң, туды оған табыс етті де, өзі талықсып кетті... Әлгі жас пионер туды аман сақтап қалды. Ол өлімге бел байлап, туды ескі апанның ішіне апарып тықты. Қызыл Армия Киевті жаудан азат еткеннен кейін бала полктың қырмызы туын аман-есен әкеп

берді. Бұл бала Киевтің жас пионері Костя Кравчук еді. Үкметіміз Костяның бұл еңбегін зор бағалап, оны Қызыл ту орденімен наградтады.


Пионер туы

Әрбір дружинаның, отрядтың қызыл туы болады. Оның бірінші бетіне пионер аналогі салынған және «Ленин — Сталин ісі үшін күреске дайын бол!» — деген ұран жазылған. Ал, тудың екінші бетіне дружинаның, отрядтың аты-жөні, саны жазылады.

Туды салтанатты жыйында дружинаға, отрядқа партия яки комсомол ұйымының өкілі тапсырады.

Отряд пионерлері 7-классты бітіргеннен кейін, ту ол отрядтан алынады да, дружина ішінде жаңадан құрылған бір отрядқа беріледі.

Пионер ұйымы қызыл туын құрметтеп, кір түсірмей сақтауы керек. Әрбір пионер оны қадір тұтатын болсын. Қызыл ту пионерге оның



Отан алдындағы азаматтық борышын, ту алдында тұрып берген салтанатты антын ескертін отыратын болсын.

Ту ұстап шығу

Салтанатты мереке күндері, әскерлік ант беретін күндері, ту ұстаушы хұрметті қарауылдың бастауымен, музыка ойнап жатқанда, қатар тұрған қызыл әскерлердің алдынан жауынгерлік қызыл туды алып өтеді. Ту тек үздік шыққан жауынгер мен командирге ғана сеніп тапсырылады.

1946 жылы жеңіс күні Қызыл алаңда болған парадта Фрунзе атындағы соғыс Академиясының туын Ленин мавзолейінің алдынан Советтер Одағының Батыры атағын үш рет алған Александр Покрышкин, Иван Кожедуб және Советтер Одағының Батыры атағын екі рет алған Талғат Бигелдинов үшеуі алып өтті.

Горн ойнатып, барабан соғылып жатқанда пионер линейкасының алдына да қызыл ту шығарылады. Туды алып шығу, оны бастап шығу, әрине, әркімге тапсырыла бермейді. Туды ұстап шығу правосы тек оқу отличниктеріне, актив пионерлерге ғана тапсырылады.

Туды көтеріп шыққанда, пионерлер түзу тұрады да, вожатый салют беріп тұрады. Ту ұстаушы түмен келіп, оң жақ қатарға тұрады.

Пионер отрядының туы — отрядтың барлық жеңістерінің, отлучно оқудың, пионерлік даңқты істердің, көңілді ойындардың, салтанатты мерекелердің хұрметті куәсі.

Пионер отрядының абройы — өзіміздің қызыл туымызды көздің қарашығындай сақтай білейік! Оны әрқашан қадірлей білейік!



ҚЫЗЫЛ ГАЛСТУК



С. ШИПАЧЕВ

Галстук байласаң,
Сақта, кір түсірмей!
Ал қызыл галстук
Туымыз түсіндей.

Енер ту астында
Жауынгер ұрысқа.
Ел үшін айқасар
Әке де, туыс та.

Галстук байласаң,
Жүздерің нұр жанған...
Қаншама галстук
Оқ тесіп, қан тамған!

Пионер таққан бұл
Галстук жан серік,
Жас жапқа тұрады,
Үйлесіп, өң беріп.

Галстук байласаң,
Сақта, кір түсірмей!
Ал қызыл галстук
Туымыз түсіндей.

Аударған Ә. Сүлейменов.



МЕН ӨМІРДЕН ҮЙРЕНДІМ

Ә. ҚАСТЕЕВ,

Қазақ ССР-ның халық суретшісі



Бір күні біздің кара лашық үйге Үлкен Кебен өзенінің бойын жайлайтын, алыстағы қырғыз аулынан бір аңшы жігіт келді. Ол аңшы жігіт босағада монтайып отырған мені көрді. Жалма-жан оң жақ аяғындары саптамалы етігінің қонышынан ақ шүберекке ораған бір нәрсе алды. Ол маған таяу келді де:

— Балақай, мынау аңшының кездігі. Осы кездік саған тартқаным, өсіп, өнерлі азамат болсаң, мені ұмытпассың, — деді. Сөйтіп сол жігіт маған сүйек сапты алмас кездігін берді. Мен бұған қуанып кеттім. Жігітке мың мәртәбе рахмет айттым да, ауылдың алдындары тоғайға қарай жүгіре жөнелдім. Жігіт кездігін қайта сұрамас па екен деп, артыма қарай-қарай жүгіріп келем. Үйдің есігі ашық еді, жігіт маған қарап, күлді де тұрды.

Мен далада өстім. Күба жонда қой бағын жүрдім. Зеңгер тау, кең дала, қалың орман, мөлдір бұлақ көрдім. Мен оларға таңдана қарадым. Жартасты, шыңды, кұзды көрдім. Өзен жағасынан қыстас тауып алдым. Ол тастан бұйра кара тоқтыны, қамыс кұлақ атты, жібек шудалы түйені ойып жасадым. Тасты ерінбей қырып, жона бердім. Көріп білгенімді тасқа, ағашқа ойып түсірдім.

Бір күні қыстасқа өзім малын бағып жүрген байдың суретін салмақ болдым. Бірақ бай қасымда жоқ еді, оның бейнесін жатқа ойға тура келді. Байдың қабағы салбыраған, басы үріп айналдырған қарындай жалтыр еді. Мен бұл пішінді аудармай келтіріппін. Бай менің тасқа ойып сурет жасап жүргенімді естіп қойып, бір күні менің үш ағаштан істеп, сыртына шекпен жапқан қосыма келді. Іргөде қалау-

лы тұрған қойдың, түйенің, жылқының, таудың суреттерің көрді. Оның ішінен өзінің басын танып қалып:

— Кара, патшағардың өнерін! — деп, мені жақтан бір салып қуып жіберді.

Бұл менің сурет салуымның бастауыш мектебі болды. Сөйтіп мені ауыл «тасбас», «ағаш бала» деп атап кетті. Бұл «тасбас» пен «ағаш бала» баяғы маған алмас кездігін берген аңшы жігіт екеуімізге ортақ ат болды.

Енді өмірдің екінші басқыш мектебіне түсуді аңсадым. Ол аңсараным хат тану, қағаз-қарын, даш ұстау еді. Бірақ, олар қолыма оңай түспеді. Шешем Халинаның темір қайшысына жармастым. Қой бағуды қойған соң, қыстас үшін өзенге жиі баруды да қойдым. Енді суретті ескі қағаздан, шөптің жапрағынан қайшы мен қылып жасайтын болдым. Бұрынғы қыстастан жасаған суреттерімнің үстіне, хат білетін адамдардан үйренген әріптердің таңбасын кездігіммен сызып жазатын халге жеттім. Сөйтіп жүріп хат та танып алдым. Өз бетіммен оқуға шамам келді.

Совет өкметі орнады. Халқыммен бірге мен де бақыттың есігін аштым. Мен өнерімді сыртқа шығаруға асықтым. Бұл тілегімнің орындалатындығына сенімім күшті еді. Ауылға газет тө әкелінді. Оны оқыттын адамдар да келе бастады. Ауыл адамдары ол газетті ынтығатындады. Бір күні газет оқыттын кісі ауырып қалып, жыйналған ауыл адамдары тарай бастады.

— Газетті бүгін мен оқып берейін, маған бөріңіз-делім. Жұрт ду күлді. Мен газетті қолыма алдым да, олай-бұлай аударыстырып қарап

шықтым. Жұрттың бәрі көзін сүзіп маған қарап тұр. Біреулердің шырайында «осы қайтер өкен» дегендей белгі де сезіліп тұр. Мен газетті саулатып оқып шықтым. Жыйылған жұрт маған риза болды. Өмірдің екінші мектебін мен осылай бітірдім.

Мен Түркстан-Сибирь темір жолын салыстым. Суретті бояу мен жасай бастадым. Сурет салудың шұғылалы күні туды. Акварель деп аталатын жақсы бояумен әдемі, көркем суреттер жасап, жұмысшылар патырының қасына сүйен қойдым. Менімен бірге істеп жүрген жұмысшылар бұл суреттерді көріп, мені бастарына көтерді. Бұдан кейін үлкен көнепке В. И. Лениннің суретін жасадым. Бұл суреттің хұрметіне темір жол партия ұйымы митингі ашты. В. И. Лениннің суретін жұмыс істеп жүрген станцияның алаңына апарып қойдық.

Бұл сурет менің атымды 1929 жылы Алматыға жеткізді. Мен Алматыға келдім.

Москвада оқыған кезімде Суряков, Ренин, Бродский сыяқты атақты суретшілердің еңбектерімен жете таныстым, олардан үйрендім. Москва маған университет болды.

Орыстың атақты табиғат суретшісі И. И. Левитанның суреттері маған зор әсер етті. Ол менің суретке деген құмарымды арттырды. Мен өз суреттерімде И. И. Левитанға еліктейтін болдым. Оның орыс жерінің зеңгер таулары мен айдын көлдерін, ну ормандарын аудармай салуын, орыс халқының салтын, тұрмысын табиғат көрінісіне байланыстыра білуін үйренуге

бой ұрдым. Қазақтың кең байтақ даласын, бай табиғатын, Жетісудың Алатауын суреттедім.

Балалар, сендердің іштерінде сурет салып жүрген сурет өнерін сүйетіндер де аз емес. Ал, шын бой ұрсаңдар суретші болудың қиындығы да жоқ. Тек талап керек, ерінбей соңына түсу хажет. Сала бастаған суретті шала қалдырмай, жақсы болсын, жаман болсын аяқтап шығу керек.

Сендер мектепте сурет сабағын оқыйсыңдар, ол бірнәрсені сызудан басталады. Сол сызуды, бір-ақ сызып қоймай, қайта-қайта сызу керек. Суретті суреттен көшіріп салмай, затты көріп отырып салу пайдалы. Заттың кескініне оқтың оқтың қарау адамның көзін жаттықтырса, ол заттың көрінісі бірнеше сызу, қолды жаттықтырады. Түрлі бояумен жасалған суретті көріп, оның қандай бояулармен жасалғанын, қай бояу қай мөлшерде жағылғанын зерттей білу, суретті қарындашпен сызып салудан бояуға көшкенде көп пайда келтіреді.

Ал, суретті ығи фотодан көшіріп жасаудың жас суретшіге елеулі зияны тиеді. Біріншіден, фотосурет қайткенмен де заттың дәл өзіндей болмайды. Екіншіден, суретті көшіріп салу, өз бетінше ойлауыңа бөгет жасайды. Адамның ой-өрісін тарылтады. Өз бетінше уақығалы, жеделі суреттер салуыңа бөгет болады.

Жас достарым, мен сурет салуды қажырлы еңбектің арқасында үйрендім. Маған сурет салуды өмір үйретті. Мен әлі күнге сол өмір мектебінде оқып жүрмін.



С У Р Е Т

Жас ана отыр алдына ап,
Екі жасар Тілегін,
Сөйлейді ол былдырлап,
Мен қызығып күлемін.

— Мынау кім?—деп бір сурет, —
Айтшы, қане, Тілегім!
Әкеп еді бетпе-бет,
Деді ол: — атам Ленин!
Бердібек СОҚПАҚБАЕВ

МАЛ БАҚТЫМ



Д. ӘЛІМЖАНОВ




Жас кезімнен лақ бақтым,
Жар кабакқа ойнақтаттым.
Тас кенейді әуес көріп,
Тең құрбыммен ойнап бақтым.

Ешкі бақтым, егіз тапты,
Еркелетіп ауыздаттым.
Қос лағын қолтығыма ап,
Енте*) енесін маңыраттым.



Қозы бақтым, бабын таптым,
Май құйрығын доңғаланттым.
Бәйгі атындай жарыстырып,
Кешке таман жамыраттым.

Қойды бақтым, қораланттым,
Тоқ қояндай ыңыранттым.
Әжем жібек жіп иіріп,
Май-ірімшік, құрт қайнаттым.



Сыйыр бақтым, сыймен бақтым.
Сый белгісі—орден тақтым.
Жүз сыйырдың төлін сақтап,
Өнеріммен елге жақтым.

Жылқы бақтым, құлындаттым,
Құлын ат боп, жорғалаттым.
Жауға шапсам жасымайтын,
Жан серігім—досым таптым.



*) Енте ене — балажан ана деген сөз.

Жерлік Жырлы

Ақын Әбу Сәрсембаев жолдастың соғыс жылдарында жазылған өлеңдерінің жыйнағы жуық арада орыс тілінде басылып шықты. Бұл жылдардағы жазған өлеңдерінің қазақшасы қазір баспахананда басылып жатыр. Ол да жақында жарыққа шығады.

Ә. Сәрсембаев жолдастың бұл жыйнағы соғыстың ұлы жорығындағы өзі өткен жолдың жыры сияқты. Бұл жыйнағында ол совет ақынының, өз отанын шексіз сүйген отаншыл ақынның Отанға деген, өз еліне деген, туған жерге, совет адамына деген махаббатын жырлайды.

Қош, еркін кәрі Атрау толқындары,
Ақынның қыялындай толқымалы,
Жүрегімді қалқан қып тостым алға,
Дабылын соқ майданның толқы, кәне!—

Жыйнаққа кірген өлеңдердің өзекті сарыны, негізгі идеясы осы. Осы сарын, осы идея ақынның әрбір өлеңінен айқын сезіліп отырады.

Жыйнақ алты бөлімнен құралған. 1. Сүреңді сапарда. 2. Ецбек кегі, 3. Алдамшы махаббат, 4. Балқан жырынан, 5. Балотон жырынан, 6. Вена жырынан. Бұл бөлімдердегі ақынның өлеңдері соғыстың әрбір кезеңіндегі ақынның көңіл күйін, ішкі сырын, ой-пікірін, қыял-арманын бейнелейді.

Жылама, урпақ,
Жылама, ұлым,
Іздегенім — сенің кегің,
Қан майданда көздегенім—
Сенің жарық, келешегің.
Немесе:
Өрле, өрле, өрле, ұлым,
Өрле, бөбек, жоғары.
Жеңген елдің жеткіншегің
Сүйсін күннің жанары.

Кеше сенің Отаныңды,
Құртпақшы жау зеңбірегін
Ойыншық қып өз қолыңа
Табыс еттім, міне, бүгін.

Ақын осындай жайлы, жылы жүрек сырын айтады. Урпаққа, ұлға: іздегенім сенің кегің дейді. Жауды жеңіп қайтуға белді бекем буғандығын жырлайды.


Ә. Сәрсембаев жолдастың өлеңдері құрғақ үгіт, бос даурығу емес, жүректің түкпіріндегі сырды айтқан, шынды айтқан өлеңдер. Бұл өлеңдерді оқығанда кешегі өткен сұрапыл қырғын соғыстың қаһарлы жылдары көз алдына келеді. Сондағы жылаған бала, зар илеген ғазиз ана, аһ ұрған әке, сонымен бірге совет адамдарының өз отанына шексіз берілген ерлік істері, әлемді тандандырған ер жүректілігі, батырлығы, олардың адамгершілігі көз алдында елестейді.

Бұл жыйнаққа кірген қысқа өлеңдерде үлкен шындық пен ағытыла айтылған сыр бар, көркем сурет пен игі, ұыз тілек бар.

Ақынның бұл биік шыңы емес, бірақ бұл оның қыяға өрлеген, сол үміт еткен зәулім биік шыңға басқан бір зор адымы деуге болады.

Ж. СӘРСЕКОВ

Хұрметте оны



Ә. СӘРСЕМБАЕВ

Сен хұрметте оны,
Түсіндің бе, қараым?
Ол ақшаға сатқан жоқ
Тізесінен кесіп аяғын.
Еріккеннен ұстап та жүрген жоқ
Қолтықтағы ұзын таяғын.

Кеше елге хатер төнгенде,
Ол жауға қарсы шапты,
Бізді жалмамақ болған ажалды
Өр көкрегімен жапты.

Ол арыстанша алысты,
Өлім соққысын өз үстіне алды.
Денесін оқ пәршелесе де,
Ел намысын сақтап қалды.

Сен хұрметте оны,
Уғындың ба, қарағым?
Сенің келешегің үшін берді ол
Азаттық жолына аяғын.



Бахытың үшін, нұлыным!

Әжесінің алдына
Әшім келді жүгіріп.
Қолында газет, кітабы,
Отыра қалды жүгініп.

— Әже, — деді ол — жақында
Тағы сайлау болады.
Халық қалап ұсынды
Кұрметті ала, ағаны.

Сонда сіз де, әжеке,
Учаскеге барасыз.
Тура дауыс беруге
Бюллетень қолға аласыз.

Сонда, әже, есіңе ал
Болашағын қызыңның,
Бер даусыңды бахытты
Өмірі үшін ұлыңның.

Алпыстан асқан қарт ана
Бегінен сүйіп ұлының.
— Беремін, — деді, — даусымды
Бахыттың үшін, нұлыным!

Қабды-Ислам ТОРТАЕВ
Семей облысы, Ақсуат ауданы.

Ине мен әжем

Әжем менің күйбең-күйбең,
Бір нәрсені іздеп жүрді.
— Айтшы, әже, жоғалды нең?
Деп сұрадым. Әжем күлді.

Қолмен сыйпап төрдің алдын,
Пештің де үстін байқап көрді.
Төсектің де астын қарап,
Қораға да шығып келді.

Болды әжем әрі-сәрі,
Сандықтарды қопарды кеп.
Ашты қобди, абдыраны,
Еңбектеңіп шаршап-терлеп.

Қарт адамға қандай ерсі,
Сасқалақтап пісіп, күйген.
Деді әжем:

— Байқап көрші,
Балам, менің жоғалды инем.

— Таптым ғой мен, таптым
міне.

Әжекем-ау, көзің жұмба.
Жоғалттым деп жүрген инең,
Тұр ғой, міне, жаулығыңда.

Мұқаш СӘРСЕКЕЕВ.
Алматы, КазПИ.

Үйренеміз, өрлейміз

Біздер жаспыз жалындаған жайнаған,
Алтын бақта бұлбұл болып сайраған,
Оқу оқып үйренеміз, өрлейміз,
Ер боламыз ақ алмастай қайраған.

Шынығамыз, үйренеміз, өрлейміз,
Асқар асып, көкке құлаш сермейміз,
Ертеңгі күн ержетеміз ер болып,
Жалындаймыз жауға намыс бермейміз.

Ертеңгі күн біздер де ержетеміз,
Төңсе дүшпан жермен жексең етеміз,
Ұлы әкеміз Сталиннен мандат ал,
Коммунизм көгіне біз жетеміз.

Аманбай ТӨКЕНОВ.
Қарағанды облысы, Нұра ауданы.



(Мектеп сахнасына арналған бір перделі пьеса)

Б. СҚАҚОВ

ҚАТЫСУШЫЛАР:

1. СӘРСЕН — Va класының оқушысы

2. МАРЖАН — Vb класының оқушысы

Екеуі көрші тұрады.

Сәрсеннің үйі. Кабырғада географиялық карта. Сәрсен екі қолын төбесіне қойып, екі аяғын айқастырып жіберіп, төсегінде шалқасынан жатыр. Қолында кітабы бар Маржан кіреді.

Маржан — Сәрсен, ауырып жатырмысың?

Сәрсен (кынжылып) — Бөгет жасамашы! Жұмыс істеп жатырмын.

Маржан (таңданып) — Қандай жұмыс?

Сәрсен — Ой ойлап жатырмын.

Маржан (кекетіп) — Жұмысың тым қатты-ақ екен! Түу! Сәрсен, тындашы, сен картаны жақсы білесің ғой осы?

Сәрсен (басын көтеріп) — Білгенде қандай! Бізге география сабағын директор ағайдың өзі береді.

Маржан — Ендеше сен мұхит, теңіз дегендерді жақсы білесің ғой? Солай ма?

Сәрсен — Мұхит дейсің бе? (Ойланып) — Қалай еді? Е, былтыр біздің Мұхит деген көршіміз болған.

Маржан — Сен ойынды қойшы, мен саған рас айтып тұрмын. Мұхит дегеніміз не, оның теңізден қандай айырмасы бар? Маған айтып берші!

Сәрсен (төсектен тұрады) — Мұны жұрттың бәрі біледі. Теңіз дегеніміз теңіз. Ал, Мұхит деген кәдімгі өзіміздей адам. Екі аяғы, екі қолы бар. Өзі жүреді. Өзің оп-онай нәрсені білмейді екенсің ғой.

Маржан — Өй-дө-ит дерсің, білгішім!

Сәрсен — Кекетпей-ақ қой. Менің не біліп, не ойлап жүргенімді саған айтсам да, сен түсінбессің.

Маржан — Не ойлаушы едің сені? Азар болса, тағыда бір қыйсыны жоқ қыялға шомып жүрген шығарсың.

Сәрсен — Қыйсыны жоқ? Мүмкін, сеніңше, қыйсыны жоқ шығар. Ал, меніңше, бұл өте орынды және болатын нәрсе. Бұл ісім үшін мүмкін маған «Жаңа заманның жиһангезі» деген атақ берілер, менің атым газет, журналға басылар. Сөйтіп, данқым дүние жүзіне жайылар. Мүмкін мені директор ағай 10-класқа бір-ақ көшірер.

Маржан (нанып) — Сәрсен, сен жана заманның жиһангезі болсаң, мені өзіңмен бірге алып жүресің бе?

Сәрсен — Әрине, алып жүремін. Бірақ, сен бұдан былай өзіңнің мұхит-сұхыйтыңмен маған бөгет жасама.

Маржан (қызығып) — Ал, сен не ойлап шығармақшысың? Соны айтшы.

Сәрсен — Қалай айтамын? Мүмкін сен басқа балаларға айтып қоярсың. Кім біледі, әлде бұл соғыс құпиясы шығар.

Маржан (таңданып) — Соғыс құпиясы?

Сәрсен — Я, соғыс құпиясы.

Маржан — Ендеше мен ешкімге де айтпаймын, айтшы!

Сәрсен — Жарайды, айтайын. Бірақ, сен айтпаймын деп уәде бер.

Маржан — Шын пионерлік сөзім!

Сәрсен (жан-жағына қарайды, төсектің астына үңіледі, есікті ашып, қарап, қайта жабады) — Ешкім жоқ екен. Енді тында: Мен кемеңің жаңа түрін жасап шығарғалы жүрмін.

Маржан (таңданып) — Қандай кеме?

Сәрсен — Кәдімгідей кеме. Ол ешбір отынсыз-ақ күн сәулесінің күшімен суда жүзетін болады. Кемеңің ішінде су толтырылған үлкен қазан тұрады. Оның түбіне затты үлкейтіп көрсететін шыны орнатылады. Ол шыны күн сәулесін өзіне тартады. Ал, қазанның үстіне затты кішірейтіп көрсететін шыны орнатылады. Ол суды суытып тұрады. Демек, қазандағы су астыңғы жағынан қайнап жоғары көтеріледі, онда барып суып, қайта төмен түседі.

Маржан — Сонсоң?

Сәрсен — Сонсоң су үнемі қозғалып тұрады да, моторға қуат беріп, жұмыс істетеді. Содан барып кеме суда жүзетін болады.

Маржан — Сен затты кішірейтіп көрсететін шыныдан су суыды дегенді қайдан таптың?

Сәрсен — Өзім ойлап таптым. Егерде затты үлкейтіп көрсететін шыны күн сәулесі арқылы суды жылытатын болса, затты кішірейтіп көрсететін шынының суды суытатынын өзінен өзі белгілі емес пе!?

Маржан — Дегенмен, бір тексеріп шығуың керек екен. Әйтеуір, өзің барлық жағыңдан да есептедің ғой.

Сәрсен — Әрине, есептеп шығардым. Міне, менің жазғандарым, сызғандарым, есептегендерім. (Бірнеше тарақ қағаздарды көрсетеді).

Маржан (қағаздарды ақтарып) — Мұның бәрін қашан жазып, сызып үлгердің?

Сәрсен — Мен көп жазамын. Мектепте де, үйде де жаза беремін.

Маржан — Ал, сабаққа қашан дайындаласың?

Сәрсен — Міне, қызық! Егер мен кеменің жаңа түрін жасап шығарсам, маған сабақ неге керек?

Маржан — Сонда не істемексің?

Сәрсен — Мен бе? Мен өзімнің ойлап шығарған кемеммен дүние жүзін аралаймын.

Маржан — Қалай араламақсың?

Сәрсен — Мен әуелі өзіміздің осы Іле өзенімен жүзіп отырып Балқаш барамын. Балқаштан — Аралға, Аралдан — Каспиге, Каспиден — Қара теңізге, сонсоң әрі қарай кете беремін.

(Маржан сақылдақтап күледі). — Неменеге күлесің?

Маржан (күлкісін тыйып) — Балқаштан Аралға қалай бармақсың? — Кемеге төрт дөңгелек байлап аласың ба?!

Сәрсен — Ешбір дөңгелексіз-ақ, сумен жүземін де отырамын.

Маржан — Қай сумен?

Сәрсен — Шу өзені ше.

Маржан — Шу өзені Балқаш пен Аралдың арасын қоспайды.

Сәрсен (кекетіп) — Өй-де-ит дерсің, біледі екенсің! (Қартаны нұсқап) — Қара ана қартаны!

Маржан — Қарасаң, қара! (Екеуі картаға үңіледі). — Міне, көрдің бе? Шу өзені басын Тянь-шаннан алып, Қаракұмға қарай ағады. Ол Балқашқа да, Аралға да соқпайды.

Сәрсен (желкесін қасып) — Солай екен ғой. Оқасы жоқ. Бәрі бір, ендеше мен Қара теңізден тура Жерорта теңізіне қарай бір-ақ тартам.

Маржан — Оныңның қыйсыны келеді. Бірақ, мен осы сенің жаңа кеменің жүзуіне күмәнданамын.

Сәрсен — Қалайша?

Маржан — Мүмкін сенің кемеге кенеттен жүзбей қалуы.

Сәрсен (таңданып) — Қалайша кенеттен жүзбей қалады дейсің?

Маржан — Несі бар? Есептеріңде бір сан хате кетсе болғаны. Міне, мысалы, сен мұнда жетіні сегізге көбейтіп, қырық сегіз шығарып қойыпсың.

Сәрсен (үрейленіп) — Сонда қанша?

Маржан — Қанша болушы еді. Жеті жерде сегіз елуалты болады да. Міне, тағы мұнда сен төрт метрді үш метрге көбейтіп, онекі болады депсің.

Сәрсен — Ал, сеніңше қанша?

Маржан — Меніңше де онекі, бірақ онекі шаршы метр болады.

Сәрсен (Қағаздарды жұлып алып) — Жарайды, жетер енді, көп шұқшыя берме! Мен байқа-

май, хателесіп кетіпмін. Қараңғыда жазып едім. Біздің үйдің шамы сөніп қалды.

Маржан — Неліктен?

Сәрсен — Жай пілтесі төмен түсіп кетті.

Маржан — Өзің жөңдей салсаң етті.

Сәрсен — Мен жөңдей білмеймін. Апам келеді ғой, сонда жөңдер.

Маржан — Шамыңды мұнда алып келші!

Сәрсен — Оны қайтесің?

Маржан — Жөңдей көрейік.

Сәрсен — Жөңдей алмайсың, сен түгіл мен де...

Маржан — Сонда да.

Сәрсен (қыйналып) — Тұу, болмайды екенсің өзің.

(Сәрсен шамды әкеледі. Маржан шамды алып, пілтесін инемен көтереді).

Маржан — Сіріңкең қайда?

Сәрсен — Оны қайтесің?

Маржан — Шамды жағамыз.

Сәрсен — Мен айттым ғой, жағылмайды деп.

Маржан — Сонда да көрейік. (Сәрсен сіріңке әпереді. Маржан шамды жағып жатады). Мен сені аяп тұрмын.

Сәрсен — Неге?

Маржан — Өйткені, сенің кемеге жүзбей қалама деп қорқамын.

Сәрсен — «Жүзбейді, жүзбейді?» Ал, мен жүзеді деймін. Хателер ме? Оларды түзетуге болады.

Маржан — Егер сенің барлық хателеріңді түзетсе, онда іс басқаша.

Сәрсен — Кәне, тағы қай жерде хатесі бар? (Қағаздарын ақтарады). Айтшы!

Маржан — Қағаздарыңды қоя тұр, мен саған онсыз да айтамын.

Сәрсен — Ал, айт.

Маржан — Біріншіден, сен құр қыялмен жаңалық аша алмайсың, даңқыңды дүние жүзіне жая алмайсың. Ал, жаңалық ашып, әлемге атағыңды шығарғың келсе, әуелі бұрынғы ашылған жаңалықтарды жете білуің керек. Ол үшін қажымай, талмай сабақ оқуың керек.

Сәрсен — Немене? Сабақ дейсің бе? (Бізаланып) — Тағы не айтақсың?

Маржан — Тағы айтарым: тек ақылды басың ғана болмай, іскер қолың да болуы керек. Ең болмаса, өз шамыңды өзің жөңдей біліп, өз түйменді өзің қадай білуің керек.

Сәрсен — Өй-де-ит дерсің! Сонда мен жалғыз түймеден жаңа кеме жасамақпынба?

Маржан — Жаңа кеме болмаса да, әйтеуір керекке жарайтын зат қой. Жарайды, мен кеттім. Сабақ оқыймын. Ал, сен, «Жаңа заманның жиһангезі», қош бол! (Кетеді).

Сәрсен (жалғыз ойланып) — «Кеме болмаса да керекке жарайтын зат». Сөзің қыйсыны бар. Қарапты өзің: кішкентай, бірақ, өзі қандай ақылды! (Жан-жағына қарайды, кітапты алады). Айтпақшы, бізге географиядан қандай тапсырыс берілді екен? (Беттерін ашып) «Мұхит және теңіздер»... Қалай? Бізге де мұхит пен теңіз тапсырылған екен ғой. Маржан, Маржан! Тоқта!.. Кел, сабақты бірге оқыйық! (Жүгіріп шығып кетеді).

(Шымылдык)





ДІҢГІЛ - ДІҢГІЛ - ДІҢГІЛДІК

Бір тоқты қошқар, бір лақ теке, бір бұзау бұқа үшеуі жолдас болады. Үшеуі серуендеп жүріп, таудың бір үлкен саласына кіреді. Бұл таудың саласында бірнеше күн жайылып, ылғый соны шөпті жеп, олар семіреді. Соны саланы өрлей оттап, үшеуі таудың жоғары басына шығады. Жартастан бір үлкен үңгірге кездеседі. Үңгір ішінің асты жайлы, жан жағы берік екен. Үшеуі сонда бірнеше күндей түнеп қалады.

Бір күні үшеуі кеңес құрады: «Біз енді қайтадан малдың ішіне несіне барамыз. Мынау үңгір бізге үй болады. Өрісіміз алыс емес, шөбі тұнып тұр. Бізге осындай жайлы, жаз жайлау, қыс қыстау табылмайды. Осы жерге мекендеп қалалық»—деседі. Бұл үшеуінің кеңесін тамақ іздеп жүріп, үңгірдің жанына келген қасқыр естіп қояды.

Бұлардың әңгімесі аяқталған кезде, қасқыр:

— Діңгіл-діңгіл-діңгілдік, әрқайсысы бір күндік, — деп ұлайды. Оны үңгірдегі үшеуі естіп айран-асыр болады. Бірақ, ұлып тұрған қасқыр екенін олар білмейді. Лақ теке тұрып:

— Бұл кім екен, мен білін келейін, — деп үңгірден далаға шығады. Үңгірдің аузында тұрған қасқыр лақ текені көре салып қуанып:

— Діңгіл-діңгіл-діңгілдік, лақ теке бір күндік!—деп арқасына салып алып кетеді. Лақ текені бір сайға апарып жейді.

Бұзау бұқа мен тоқты қошқар екеуі лақ текені олай күтеді, бұлай күтеді, ол келмейді. «Ол әбден отын қандырып келсін, сонан соң екеуміз жа-

йылуға шығайық», — дейді де екеуі жатып қалады.

Ертеңінде таң ата дәндеген қасқыр тағы да үңгірдің аузына келеді. Қошқар мен бұқаның күйіс қайырып жатқанын біледі де:

— Діңгіл-діңгіл-діңгілдік, әрқайсысы бір күндік! — деп ұлайды. Оны қошқар мен бұқа естіп, таң қалады.

— Бұл не екен, мен білін келейін, — деп бұзау бұқа далаға шығады. Үңгірдің аузында аңдып тұрған қасқыр, бұқаны көріп қуанып кетеді. Арсалаңдап қасына келіп, құйрығын бұлаңдатып:

— Діңгіл-діңгіл-діңгілдік бұзау бұқа бір күндік! — деп бұқаның тұмсығынан ала түседі. Көзді ашып-жұмғанша болмай, мойнын бұрап жығып, өлтіреді. Жылы жұмсағын жеп әбден тояды. Қалған жемтігін сүйретіп алып кетеді.

Тоқты қошқар әрі жатады, бері жатады. Жолдастары қайтпайды. Далаға шығуға үңгір иесіз қалады деп, қорқып, ешқайда шықпайды. Келесі күні қасқыр тағы үңгірдің аузына келеді. Күйіс қайырып жатқан қошқардың дыбысын естіп:

— Діңгіл - діңгіл - діңгілдік, қалған қошқар бір күндік! — деп сақылдап күледі. Мұны



қошқар біледі де, «Ә, менің жолдастарымды құртқан мынау екен ғой. Бұған мен бір айла қылайын. Не де болса мұнымен айқасып көрейін» деп, далаға шығады. Далаға шықса, екі құлағы едірейген, тілін салақтатып, аузын арандай ашқан қасқыр тұр екен. Ол қошқарды көре салып қуанып құйрығын бұлаңдатып:

— Діңгіл - діңгіл - діңгілдік, тоқты қошқар бір күндік! — деп, қошқардың қасына таяу келеді. Сонда тоқты қошқар:

— Қасқыр-еке, сіз мені жейсіз ғой, оған кім қарсы тұрады. Ал, менің екі жолдасым бар еді, соларды да мен шақырайын, сіз маған мына жартасқа шығып, жан-жақтан қарауға рұхсат беріңіз, — дейді.

Құйрығы тегенедей, мүйізі үлкен қошқарды көріп масаттанған қасқыр, жартасқа шығуға рұхсат береді. Қошқар қасқырдың жоғарғы жағындағы жартасқа шығып, жолдастарын қарауылдайды. Қошқардың майлы құйрығына қызығып, аузынан сілекейі аққан қасқыр да жоғары қараумен болады. Мұны көріп тұрған қошқар:

— Діңгіл - діңгіл - діңгілдік, сіздің жайды біз білдік, — деп шегініп барып, алға қарай бар пәрменімен секіріп кеп, қасқырды дәл тұмсықтан сүзіп кеп қалады. Қасқыр тұмсығы бузылып, жартастан құлап түседі.

Сөйтіп қошқар қасқырды өлтіріп, екі жолдасының кегін алады. Бірақ, өзі жалғыз тұра алмай, елге қайтып, қойға келіп қосылады. Бұл қошқардың айланын естіген қасқырлар одан қорқып, ол елдің қойының маңынан жүрмейтін болыпты дейді.

ҚАЙ АҢ ЖҮЙРІК

М. ЗВЕРЕВ

Алматы қаласынан жүз километрдей жердегі кең қорықта жуырда қызық жарыс болып өтті. «Виллис» деп аталатын жеңіл машина мен аңдар жарысы болды.

Біздің «виллис» машинамыз Аңрақай қыркасынан ойға түсті. Сол кезде алдымыздан төрт-бес аң қараңдап көрінді. Олар қоңқақ мұрынды бастарын жерге салбыратып, жән ұшырып, кең жазық қорықта зытып барады екен. Біз бұл қандай аң екен, неде болса қуып жетейік, деп сонынан қуып бердік.

Машинаның жол өлшеуішінің тілі 50—60 деген цифрлардың тұсына келді. Бұл, машина сағатына 50—60 километр жүріп келеді деген белгі еді. Қыза-қыза сағатына 70 километр де жүріп бердік. Бірақ, әлгі аңдар бізден әлі алыс. Олар бірте-бірте жүгіруін үдетіп, бізден алыстап барады.

Мінгеніміз жаңа машина еді. Оның жол өлшеуші сағатына неше километр жүріп бара жатқанымызды өте дұрыс көрсететін. Бірақ, біз бұл тағы аңдардың осынша жүйріктігіне бірден сенбедік. Машинамыз жүрісін тағы үдете түсті. Жол өлшегіш енді сағатына 75 километр көрсетті. Ақырында бұл аңдар біздің екпіндімізге шыдамады білем, бір есе оңға, бір есе солға қарай бұлғара қашты. Ақыры, машина оларды қуып жетіп барып тоқтады. Қарасақ, бұлар—ақ-


бөкендер екен. Бұдан әрі қуудың хажеті шамалы болды. Өйткені тақау келіп қарағанда, ақбөкенді бірден тануға болады. Ол ешбір басқа аңға ұқсамайды.

Нағыз бәйгі ат сағатына 65 километр жер шабады. Бірақ, ол бұл қарқынынан айнымай бір километр жерге ғана жүгіреді. Сонда дүниедегі ең жүйрік аң ақбөкен болып саналады. Ақбөкеннің сағатына 75 километр жер жүгіргенінің өзіміз куәсы болдық.

Ақбөкенге ұқсас аң таутеке сағатына 60 километр жер жүреді. Оның өзінде де ол бар пәрменімен жүгіреді және мұндай жылдамдықпен ұзақ жүгіруге шыдамайды.

Арқар да сағатына 50 километр жер жүгіреді. Ал, қасқыр сағатына 40—45 километрдей ақ жер жүгіреді, күші кемі бастағанда ол сағатына 10 километрден артық жер ала алмайды. Түлкі бұлардың бәрінен де қалып қояды, ол сағатына 35 километр жер ғана жүгіреді.

Американың аңдар бақшасы адамдарының бақылауына, бұғы сағатына 56 километр жер жүретін көрінеді. Бүйвол деген тағы өгіз сағатына — 48 километр, саршұнақ — 12 километр, дикобраз (қабан сыяқты аң) — 3 километр жер жүреді. Әр аңның жүрісінің жылдамдығы әртүрлі. Олардың жүріс шапшаңдығының өмір сүруі үшін зор маңызы бар.




ШАХМАТ

ойыны

Өткен санда біз жас шахматшыларды шахмат ойынының кейбір ерекшеліктерімен, тактасымен және тастарымен таныстырған болатынбыз.

Енді рокировка, шах, мат дегендердің не екеніне түсінік береміз.

Рокировка — шахматтың күрделі жүрістерінің бірі. Король мен ладья (тура) екеуі бір ойында бір реттен орын ауыстырады. Олар орын ауыстырғанда бірі бірінің орнына қойылмайды. Екеуінің аралығындағы ашық шаршыларға, король ладья тұрған жаққа, ладья король тұрған жаққа қойылады. Осыны «рокировка» деп атайды. Ойыншылар рокировка жасауға да, жасамауға да ерікті. Король мен ладья бір—бірімен орын ауыстырғанда, екеуінің арасында ешбір тас болмауы тиіс. Сонымен қатар бұған дейін король де, ладья да жүрмеген болса, демек, орындарынан қозғалмаған болса ғана рокировка жасалады. Корольға «шах» беріліп тұрған кезде, ол ладьямен орын ауыстыра алмайды. Рокировка жасаудағы мақсат — корольді «оққа ұшырма» үшін тасалатын әкету болып табылады.



1-тақта

Және рокировка екі түрлі болады. Біріншісі—қысқа рокировка, екіншісі—ұзын рокировка, деп аталады.

Бірінші тақтадағы ақ король сол жағындағы ладьямен орын ауыстырса, ол—ұзын рокировка делінеді. Ал, оң жағындағы ладьямен орын ауыстырса, ол—қысқа рокировка делінеді.


Шахмат ойынында қарсы жақтың корольіне шабуыл жасау —«шах» деп аталады. Корольсіз ойын болмақ емес. Сондықтан корольі қауіп-хатерге душар болған ойыншы, қалайда корольін аман сақтап қалуға әрекет істейді. Ол үшін корольді басқа орынға (шаршыға) жүргізіп әкетуі тиіс. Не болмаса корольға қауіп төндіріп тұрған екінші ойыншының тасын алып қоюы тиіс. Бұл екеуінің бірін істеуге мүмкіндік болмаса, онда корольдің «өлгені», демек, мат болғаны. Король мат болған соң ойын аяқталады.

Кейде екі ойыншы ұтыса алмай да қоятын жағдай болады.

Мұндайда король мат болмай-ақ, ойыншылар келісіп, ойынды ұтыссыз бітіріп, жаңа ойын бастайды.

Екінші тақтада көрсетілген ойында ақ тастар екі жүрістен кейін қара тастардың корольіне шах беріп, оны мат етеді.

Балалар, осы қалай жасалады? Ақ тастардың да, қара тастардың да жүрген жолын көрсетіп, редакцияға жазып жіберіңдер.



2-тақта

Е. М. БРАУН.

Көптен—аздап

ЖЕЛ МЕН ЛЯЗ

Арқашан желді күн тымық күннен салқын, суық болады. Ал, ауарайын өлшейтін аспап (термометр) желді күні де градусы желсіз ашық күндегідей ғана көрсетуі мүмкін. Оның себебі, жел біздің бетіміз бен денеміздегі жылы ауаны ушырып әкетеді. Желмен ушқан біздің денеміздің жылы ауасы суыйды, сөйтіп салқындаған ауа денедегі жылы ауамен қайта тоғысып, жылы ауа жаңадан сыртқа шығады. Осындай құбылыстың нәтижесінде желді күн адам баласына салқын сыяқты болып байқалады.

КІТАПТЫ НЕГЕ ЖАТЫП ОҚУҒА БОЛМАЙДЫ?


Адам баласы ұйықтаған уақытында ояу жүрген кездегідей қан мый тамырларына анағұрлым аз құйылады. Мый тамырлары тарылып, қанды аз өткізіп, мыйдың дамылдауына мүмкіндік береді. Мый дем алады.

Біз жатып ұйықтаймыз. Тек жатсаң болғаны, ұйқыға көз ілікпестен-ақ қан тамырлары тарыла бастайды.

Ал, кітап оқығанда, мый жұмыс істейді, мый тамырларына қан құйылады. Сондықтан кітапты жатып оқығанда, денеде екі түрлі күш адамның ырқынан тыс күрес салады. Бір күш (рефлекс) қан тамырын тарылтса, екінші күш кеңейтуге әрекет етеді. Бұл мыйдың жұмыс істеуіне зыян келтіреді. Сондықтан кітапты жатып оқуға болмайды.

ҚҰЛАҚ НЕГЕ ШЫҢЫЛДАЙДЫ?

Ыстық күндері жорықта жүргенде қан адамның мый тамырларында тез жүреді. Сөйтіп адамның құлақтан мыйға созылған есту жүйесін басып, жаншады. Сондықтан есту жүйесін қан басқанда, біз құлақтың шыңылдағанын, онда дыбыс пайда болғанын сеземіз.



ШАРАДА

Әр қайсыларының үйлерінде неше жан болса, барлығына ортақ бір ыдыс бар. Сол ыдыстың бас әрпін алып, оның орнына «С» әрпін жазсаңдар суда тіршілік ететін бір жәндіктің аты болады.

Осы ыдыстың ең соңғы әрпінің орнына «қ» әрпін жазсаңдар Советтер Одағындағы бір халықтың аты шығады.

Сонда бұл қандай ыдыс, өзгергенде қандай жәндік, қандай халықтың аты болады?

А. БАЙҒАНДИЕВ



Балалар, мына суретте бір мысық және оны қоршаған он үш тышқан көрсетілген. Олардың онекісі қара тышқан да, біреуі ақ тышқан. Мысық осы тышқандарды бірден бастап санап, 13-тышқанды жеп отырған. Сонда ол ақ тышқанды ең соңында жеген. Балалар, ойлап табындаршы, сонда мысық қай тышқаннан бастап жеген?

М А З М У Н Ы

	бет		
К. Бекхожин — Біздің бірінші депутатымыз	1	С. Щипачев — Қызыл галстук (өлең)	13
В. Копытин — Қызыл құмда (әңгіме)	2	А. Кастеев — Мен өмірден үйрендім	14
А. Байтанаев — Қырағы бала (әңгіме)	4	Б. Сокпақбаев — Сурет (өлең)	15
А. С. Пушкин	6	Д. Әлімжанов — Мал бақтым (өлең)	16
М. Тиссов — Қашкене достар (әңгіме)	7	Ж. Сәрсекөв — «Жорық жыры»	17
М. Жексембаев — Сталиндік заманым (өлең)	»	Ә. Сәрсембаев — Құрметте оны (өлең)	»
Б. Сланов — Шөлге шабуыл (очерк)	8	Біздің оқушыларымыздың шығармалары	18
Р. Ыдырысов — Сырғанақ (өлең)	9	Б. Скаков — Екі оқушы (пьеса)	19
С. Байзитов — Менің әкем депутат (өлең)	10	Дінгіл-дінгіл дінгілдік (ертегі)	21
З. Қалауова — Шаңғышы (өлең)	»	М. Зверев — Қай аң жүйрік	22
Туларымыз туралы	11	Е. Браун — Шахмат ойыны	23
		Көптен аздап	»
		Ойлап тап	24

Мухабаның төртінші бетіндегі «Кездесу» деген суретті жасаған суретші В. Лебедев.

Жауапты редактор Т. Абдрахманов.

Редколлегия мүшелері: Н. Ахмедова, Ә. Бектұров, К. Борамбаев, К. Жармағамбетов, С. Мұқанов, Ж. Қонақбаев, Ә. Сытдыков, А. М. Черкасский.

Тех редактор А. К. Доморошин.

Редакцияның адресі: г. Алма-Ата, проспект Сталина 73. Редакция журналы «ПИОНЕР»

Подписано к печати 7/III. 1947 г. УГ01002

Объем 3 п. л.

Тираж 10000.

Госполиграфия № 3 Управления полиграфии и издательств при Совете Министров КазССР
гор. Алма-Ата, Проспект Ленина 2. Заказ № 158

307194



ҚЫЗЫҚТЫ КИНО

Жексөмбі күні біздің кластың оқушылары бірігіп, Ала-тау кинотеатрына бардық. Онда

«Полк баласы» атты көркем суретті дыбысты картина жүріп жатыр еді. Біз сол картинаны көрдік. Мен бұрын «Зоя», «Онбес жасар капитан», «Құрыш қалай шынықты», «Тимур және оның командасы» атты кинофильмдерді көрген едім. Бұл картиналар маған ұнаған еді. Ал, «Полк баласы» маған өте ұнады.

Бұл көркем фильм Советтік Отанымызды, балалардың бахытты өмірін неміс — фашист басқыншыларының зұлымдық шабуылынан сақтап қалған біздің батыр жауынгерлеріміздің ерлік бейнелерін көрсетеді. Картинада олар әрі батыр, әрі ақылды, әрі адал адамдар болып көрінеді. Расында да, олар дәл сондай адамдар еді. Өйткені, олар біздің отанымыздың азаттығы және тәуелсіздігі үшін жанын аямай соғысты. Балалардың бахытты өмірі үшін олар асқан ерлікпен күресті. Сөйтіп, олар өздерінің азаматтық борышын аброймен орындап шықты, бізді де, біздің елімізді де зұлым жаудан қорғап қалды.

Картинада капитан Енакиев, барлаушы Биденко соғыста қатал әскери адам болумен қатар, бойында сүйіспеншілігі де зор адам болып көрінеді. Олар Ваня Солнцевты сондай сүйеді. Оны еркелетеді, оның қамын ойлайды, оны өздеріндей советтің адал ержүрек азаматы болуға баулайды.

Әрине, біз Ваняны жақсы көреміз. Ол біздің сүйікті кейіпкеріміз. Ол да біздей жас.

Сонымен қатар кинодағы ересек адамдар: капитан Енакиев, барлаушы Биденко, Егоров тағы басқалары да бізге қымбатты адамдар.

Біз, жас пионерлер, біздің жазушы, режиссер және артистеріміз «Полк баласы» сыяқты тағы да жақсы фильмдер жасап шығаруын тілейміз.

Дария ЕРЖАНОВА

Алматы, 12 — қыз балалар мектебі.



КОЛХОЗШЫЛАР АЛҒЫС АЙТТЫ

Біздің мектептің оқушылары мен писонерлері Казак ССР Жетіқара ауданының сайлауы кезінде мәдени бригада ұйымдастырды. Бұл бригаданың алдына колхозшыларға арнап ойын-сауық қойып беру міндеті қойылды. Бригада сайлау кезінде Жетіқара ауданының көптеген колхоздарында болып, сайлаушыларға ойын-сауық қойып берді. Әсіресе, «Қызыл партизан», «Екінші бесжылдық» атындағы колхоздарда қойған сауық кешіміз өте көңілді өтті.

Сауық кешке жұрт өте көп жыйналды. Олар біздің ойынның басталуын асығыспен күтті. Біз де: «Ойынымыз колхозшыларға ұнар ма екен?» деп жүрміз. Міне сахна да ашылды. Біз Жамбыл атамның «Сталинді сайлаймыз» деген әйгілі өлеңін хормен айттық. Ұлы Сталиннің аты аталғанда, жыйналған жұрт ду қол шапалақтады.

Оқушы Бейсенбаев және Молдахметова «Па, шіркін!», «Жамбыл», «Паравоз» деген өлеңдерді әндерімен орындап берді. Пионер Батырбек Хай-

даров «Мені де жібер майданға», «Борыш» деген өлеңді тақпақ кып, әдемілеп айтып шықты. Ал, Галия Омарова, Күлпира Боқанова «Кеңес», «Балбырауын», «Шашу» күйлерін бимен орындады. Соңсоң бәріміз қосылып, «Өндіріс» атты өлеңді әнімен орындап бердік.

Колхозшылар біздің қойған ойын-сауығымызға өте риза болды және алғыс айтты. Біз бұған өте қуандық.

Ұлмекен МҰРТАЗИНА

Қостанай облысы, Жетіқара ауданы, Қазак орта мектебі.

ОЗАТ ОҚУШЫ

Егер сіз Чкалов атындағы орталау мектептің бір мұғалімінен:

— Мектебіңіздегі ең озат оқушы кім?—деп сұрай қалсаңыз.

Ол сізге:

Әуелхан Мұзафаров, дер еді. Расында да, Әуелхан Мұзафаров біздің мектептегі ең озат, ең үлгілі оқушы. Ол бірінші кластан бастап, үнемі сабақты өте жақсы оқып келеді. Тәртібі де сондай жақсы. Жолдастарымен де тату, дос. Ол, оларға үнемі өзінің жолдастық көмегін көрсетіп, білмеген сабақтарын үйретіп те отырады. Сондықтан Әуелханды оқытушылар да, жолдастары да жақсы көреді, сыйлайды.



Әуелхан бығыл 7-класта оқыйды. І және П-тоқсандарда өте жақсы оқып, ылғый 5 деген бағамен бітірді. Енді ол орталау мектепті өте жақсы бітіру үшін бар күшін салып, сабақты өте жақсы оқып жүр. Біз Әуелханның бұл мақсатын сөзсіз орындайтынына сенеміз.

Мамахан ҚАЛЫБЕКОВ

Оңтүстік Қазақстан облысы, Киров ауданы, Чкалов атындағы орталау мектеп.

